

ЖОЛДАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Қымбатты отандастар! Қадірлі қауым!

Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік.

Баршаңызға мәлім, былтыр егемендіктің маңызды белесіне жеттік. Тарихи өлшеммен қарағанда 30 жыл тым көп уақыт емес. Халқымыз Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен осы кезеңде ауқымды жұмыс атқарды, көптеген табысқа қол жеткізді.

Алайда, береке-бірлігімізді сақтамасақ, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін. Қаңтардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті. Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұртымыз Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді.

Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық. Уақтылы және батыл шешім қабылдап, лаңкестерге тойтарыс бердік.

Мен қашанда бәрін ашық айтып жүрмін. Индет кезінде қалыптасқан ахуал жөнінде жұртшылыққа үнемі ақпарат беріп отырдым. Кешегі қатерлі күндерде Мемлекет басшысы ретінде халыққа арнап бірнеше үндеу жасадым. Барлық жағдайды азаматтарымызға жан-жақты түсіндіріп, азаматтарымызға жеткіздім. Өрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдадым. Бұл – мен үшін бұлжымас ұстаным.

Өкінішке қарай, бүлікшілердің, қарақшылардың, лаңкестердің кесірінен қаншама азаматымыз қаза болды. Мен қара жамылған отбасылардың қайғысына ортақтасып, тағы да көңіл айтамын. Біз мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасаймыз.

Қазаққа «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содыр мен лаңкесті жазаға тарту. Халқымыз осы оқиғадан сабақ ала білуі керек. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиісіз.

Ашығын айтсақ, қазір қоғамда түрлі қауесет тарауда. Бұл ахуал жалған түсінік қалыптастырып, елді адастырады. Сондықтан өткен оқиғалар туралы нақты мәліметті жариялап, оған баға беру өте маңызды. Тіпті, қасиетті парызымыз деуге болады. Жұрт оның астарына үңіліп, себебін терең түсінуі қажет.

Күні кеше ғана Парламент қабырғасында арнайы тыңдау өтті. Онда құқық қорғау органдары тергеу қорытындылары туралы толық есеп берді. Тұрасын айтқанда, мұндай кең ауқымды талқылау ешқашан болмаған. Депутаттарға және бұқаралық ақпарат құралдарына бәрі ашық айтылды. Қоғамды мазалаған сұрақтарға жауап берілді. Бұл қаңтар оқиғасына әділ баға беруге, ең алдымен, біліктің мүдделі екенін көрсетеді. Мен мұны толық қолдаймын, біз ақиқатты айтуымыз керек. Бұл – менің жеке қағидатым.

Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы мәселемен арнайы мекемеаралық шұғыл тергеу тобы айналысуда. Құқық қорғау органдарына жасалып жатқан жұмыс нәтижесін үнемі жариялап отыруды тапсырамын.

Қасиетті қаңтар оқиғалары мен одан кейінгі тетенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды. Мен сол кезде Бас прокуратураға олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырдым. Соның нәтижесінде көптеген азамат қамаудан босатылды.

Ал, нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап береді. Басқаша әрекет ету, яғни, бедел жинау үшін байбалам салып, қосақ арасында жүргендер мен арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын сыйламау деген сөз.



Бірнеше жүз адамның үстінен қылмыстық іс қозғалды. Біз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұсталған адамдарды тергеу барысында тыйым салынған тәсілдерді қолданғаны, тіпті оларды азаптағаны туралы фактілер болғанын ашық айттық. Орта ғасырлардан қалған осындай жабайылық кез-келген өркениетті қоғамның қағидаттарына қайшы келеді. Бұл – біз үшін де мүлде жат қылық. Мұндай сорақы оқиғалар болғаны жайлы айтыла бастаған сәтте-ақ, мен оны мұқият тексеруді тапсырдым.

Сонымен бірге Адам құқықтары жөніндегі уәкіл алғашқы күндерден жұмысқа белсене араласты. Құқық қорғаумен айналысатын азаматтар мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері оқшаулау органдарына кедергісіз кіріп, қаңтар оқиғасына қатысушылардың қамаудағы жай-күйімен танысты, олардың шағымдарын қарады.

Омбудсмен және беделді заңгерлер жетекшілік ететін тәуелсіз қоғамдық комиссиялар прокуратура органдарымен тығыз жұмыс істеді, пікірлерін ашық айтып, өз ұстанымдарын қорғады. Мұндай жұмыс тәсілі тергеу үдерісінің мен заңгерлерге азаматтық ұстанымы және біліктілігі үшін ризашылығымызды білдірдім.

Қазір алдын-ала қорытындылар дайын. Біз теріс пиғылды адамдардың мемлекеттік төңкеріс жасамақ болғанын нақты білеміз. Осы ретте, бүлікшілер не үшін мұндай қадамға барды деген сұрақ туындайды. Жауабы – айдан анық.

Соңғы жылдары біз Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көштік. Түрлі салада ауқымды өзгерістер басталды. Бұл кейбір ықпалды адамдарға ұнамады. Олар жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеді. Неғұрлым жоғары билікке ие болуды көкседі. Сол үшін көнегі қылмыскерлер, қарулы бандылар мен опасыз шенеуніктер бірігіп, астыртын топ құрды.

Ішкі және сыртқы жауларымыз өзара ымыраласып, билікті басып алғысы келді. Олар халықтың наразылық шеруін басқа арнаға бұрып, жұртты қасақана арандатты. Лаңкестер мемлекеттік органдарға, стратегиялық нысандар мен бизнеске тиесілі ғимараттарға шабуыл жасады. Билікке күйе жағу үшін бейбіт тұрғындарға оқ атты. Осының бәрін шетелдегі радикалды күштер өз мақсатына пайдаланғысы келді. Олар Қазақстанды қақтығыс алаңына айналдырып, елге ойран салмақ болды. Бейбіт өміріміздің тас-талқанын шығаруды жоспарлады. Президентті биліктен кетіргісі келді.

Шын мәнінде, бұл мемлекеттілігімізге төнген аса қауіпті сын-қатер болды. Бірақ, қандастық жасаушылардың арам пиғылы іске аспады. Мен ең қиын сәтте, қандай жағдай болса да, ақырына дейін халқымызмен бірге боламын деп ашық айттым.

Бабаларымыз «Іштен шыққан жау жа-

ман» деп бекер айтпаған. Төңкеріс жасауға ұмтылғандардың арасында белгілі адамдар болды. Жоғары лауазым иелері мемлекетке сатқындық жасады. Опасыздардың ішінде әскери және арнаулы органдардың басшылары да бар. Олар Күштік құрылымдардың заңға сәйкес қимылдауына кедергі келтірді. Мемлекет басшылығына қалалардағы ахуал туралы жалған ақпарат берді. Тіпті, арнайы үкіметтік және басқа да байланыс арналарын өз бақылауына алды. Бір сөзбен айтсақ, олар елді ыдырату үшін ойларына келген барлық тәсілді қолданды.

Соның салдарынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан көмек сұрауға мәжбүр болдық. Бұл қадам ішкі және халықаралық нормаларға сай жүзеге асырылды. Бітімгершілік күштері елімізде бір де бір оқ атқан жоқ. Стратегиялық маңызы бар нысандардың қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етті. Бұған алдын-ала жасалған келісімнің нәтижесінде қол жеткізді. Жағдай тұрақтанған соң, екі аптадан кейін олар Қазақстаннан толық шығарылды.

Бұл – көптаратты қарулы контингент, оның құрамында Қазақстан да бар. Бітімгершілік миссиясының маңызды рөлін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, түптеп келгенде, біз содырларды өз күшімізбен жеңдік.

Осы орайда, бір мәселеге жеке тоқталғым келеді. Сатқындардың опасыздығы құқық қорғау органдарының беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс. Онда қызмет ететін азаматтар да – өз бауырларымыз. Олар елмен бірге екенін, туған халқы үшін қасық қаны қалғанына күресетінін дәлелдеді. Отан алдындағы антына адал болып, мемлекетімізді жанқиярлықпен қорғады. Мен сын сағатта қатерге қаймықпай қарсы тұрған тәртіп сақшыларына ризашылық білдіремін.

Сондай-ақ, азаматтарымыз ерікті түрде өз ішінен жасақ құрып, қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысты. Жауапты сәтте бірлік пен жанашырлықтың бірегей үлгісін көрсеткен барша азаматтарға алғыс айтамын.

Осы күндерде халқымыз кез-келген қауіп-қатерді жеңе алатын біртұтас ел екенін танытты. Отаншылдық рухының арқасында қасиетті Тәуелсіздігімізді сақтап қалды.

Шын мәнінде, қаңтар оқиғалары мемлекеттілігіміз үшін зор сынақ болды. Біз жардасқ шетінде тұрдық. Бір қадамды қате жасасақ немесе батыл әрекет етпесек, мемлекетіміз құрдымға кететін еді. Күштік құрылымдар мен олардың сыбайластарының өзара ымыраласына қатысты іс бойынша тергеу құпия жағдайда қарқынды жүргізіліп жатыр. Алдымызда куәгерлерден жауап алу, сараптама жасау және түрлі мәліметтерді зерделеу сияқты қыруар жұмыс бар.

Бір нәрсені нақты айта аламын: қаскөйлер мұқият ойластырылған ауқымды операция ұйымдастырды. Олар халқымыздың және шетел қоғамдастығының алдында мемлекеттің жоғары басшылығының абыройын төгіп, биліктен тайдыруды көкседі. Кәсіби дайындықтан өткен содырларды өз мақсатына жету үшін еш тартынбастан пайдаланды.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен ізгі іл типатпен құттықтаймын!

Өз-Наурыз – жаңашылдық пен жасампаз рухтың жаршысы. Осы күндері жер-Ана қайта түлеп, тіршілік атаулы түгел жанданады.

Тағылымы мол бұл мереке – жаңару мен жаңғырудың, адам мен табиғат арасындағы үндестіктің, келісім мен татулықтың алтын арқауы.

Халқымыз қашанда жыл басын ізгі ниетпен, үкілі үмітпен, ақ жарма тілекпен қарсы алады.

Ұлыстың ұлы күнінде ұрпақтар сабақтастығы, достық қарым-қатынастар мен қонақжайлық салты дәріптеледі. Сондай-ақ, тереңнен тамыр тартатын құндылықтарымыз, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрі ерекше салтанат құрады.

Наурыз – ұлтына, дініне қарамастан, барша жұртты ұйыстыратын жалпыұлттық мейрам. Бұл мереке халқымызды береке-бірлік пен ортақ мүддеге жұмылдырады. Біз әрдайым қиын сәтте бір-бірімізге қол ұшын созып, қолдау көрсетуге дайынбыз.

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толайым табыс тілеймін!

Өз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Ұлыс оң, ақ мол болсын!



Рустам АЛИ, Ескелді ауданының әкімі

ӨРКЕН ӨЛКЕ ӘЛЕУЕТІНІҢ АРТУЫН АУДАН ӘКІМІ ӨЗІ ҚАДАҒАЛАЙДЫ



Жуырда аудан басшысы Рустам Али бірнеше ауылдық округтің тұрғындарымен кездесті. Әкім Көкжазық, Жалғызғағаш, Сырымбет ауылдық округтеріндегі кездесуде өткен жылдың қорытындысын баяндап, ағымдағы жылы жүзеге асатын жұмыстар мен басты міндеттерін атап өтті. Ауыл тұрғындары да аудан әкіміне көкейдегі сұрақтарын қойып, қанағаттанарлық жауап алды.

Көкжазық ауылдық округі тұрғындарын көбіне абаатандыру мәселесі алаңдатады екен. Осы орайда қолға алынып жатқан шаруа да аз емес. Тауда ғана ауылдық округтегі Ө.Бөкейханов көшесіне асфальт төселді. Теңлік пен Көкжазық ауылдарының көшелеріне жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Демек, бұл игі іс ауыл тұрғындарының заман ағымынан алшақтамауын көздейді.

Жалғызғағаш ауылдық округіндегі кездесуде аудан әкімі алдымен әлеуметтік салаға жан-жақты тоқталып өтіп, ауылдағы ата кәсіппен айналысып отырған ағайынды елімізді көркейту жолында ауызбіршілікте бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Жайылымдық жерлерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру керекін баса айтты. Ауыл тұрғындарын жол қатынасы мен ауызсу мәселесі толғандырады екен. Жалғызғағаштықтар аудан әкімінен осы мәселені оңтайлы шешіп беруін өтінді. Р.Али алдағы уақытта бұл жұмыстар өз шешімін табатынын, қазір арнайы таза су көзін зерттеу мекемесімен келіссөз жүріп жатқанын, құбыр тарту жұмысы жоспарда тұрғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ, толғақты мәселеге айналған жол мәселесін шешу үстіміздегі жылдың сәуірінен бастап жүзеге асады екен.

Сырымбет ауылдық округінде де бірқатар мәселе қозғалды. Ең бірінші ауыл әкімі есеп беріп, өткен жылға қорытынды жасады. Ауыл тұрғындарын мазалаған басты мәселе - қарьерлерден мәрмәр тиеген жүк көліктері өтетін жол учаскесіндегі қауіпсіздік. Аудан басшысы тәртіп сақшыларға осы бөлікте тұрақты түрде патрульде жүргізуді, радары бар камералар, жол белгілері мен ауыр жүк тиегіштерге арналған таразылар орнатуды тапсырды. Әкімдік өз кезегінде облыстық жол инспекциясына хат жолдап, көлік полициясын тартатынын жеткізді. Сырымбетте шешімсіз мәселе тек бұл емес екен. Жергілікті тұрғындар ауылды абааттандыру, ауыз сумен қамтамасыз ету, жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру, спорт алаңын салу мәселелерін көтерді. Осы орайда аудан басшысы биыл «Монолит» ЖШС мердігерлік ұйымымен сумен жабдықтау жүйесін қайта құру және салу бойынша жұмыстарды бастайтынын, жоспар бойынша аяқталу мерзімі қыркүйек айының соңы екенін айтты. Кристалл көшесін орташа жөндеуге конкурс жарияланып, Сарнокай көшесін жарықтандыруға қаражат бөлінгенін де тұрғындарды хабардар етті. Шағын футбол алаңын жайластыруға, қосымша көше жарығын орнатуға, көшелерді орташа жөндеуге бюджеттік өтім берілген екен. Жақсы жаңалық та жоқ емес. Ауыл тұрғындарына ауылдық округте мал жаюға арналған 900 гектардан астам жер бары айтылды. Бұл жайылымдар ауыл тұрғындарының пайдалануына арналған. Аудан басшысымен өткен келелі кездесуде көтерілген әрбір мәселе шешімін табады. Әкімнің өзі мұны жіті қадағалайды.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»

Оларға еліміздің ең ірі шаһары – Алматыны күп талқан етуді, жұртты әбден үрейлендіріп, дүниеден біржола түңілдіруді, елдегі ахуалдың быт-шытын шығарып, бей-берекет қылуды тапсырды.

Сондықтан кімнің қандай лауазым иеленіп отырғанына, қоғамдағы орны қандай екеніне қарамастан осы қайғылы оқиғаларға кінәлі адамдар түгелдей лайықты жазасын алады деп уәде беремін.

Сол күндері қатаң әрі шұғыл шара қабылдаудан басқа амал қалған жоқ. Мен ең шешуші сәттерде елім үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Бұл – менің президенттік әрі перзенттік борышым.

Құрметті депутаттар!

Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл анық нәрсесіз. Біз екі жарым жылдың ішінде осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

Мен осыған дейін саяси реформалардың төрт топтамасын ұсындым. Соның аясында қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты. Тек саясат саласының өзінде оннан астам заң қабылданғанына қарап, қоғамда болып жатқан оң өзгерістердің ауқымы қандай екенін бағамдауға болады. Мысалы, бейбіт жиналыстар туралы жаңа, демократиялық заңды алайық. Бұл құжат белсенді азаматтарға, оның ішінде оппозициялық көзқарастағы қоғам белсенділеріне ең кедрерісін шеру өткізуге, сол жерде ой-пікірлерін емин-еркін айтуына мүмкіндік берді. Бұл жаңашылдық елімізде жаңа саяси мәдениеттің тамыр жаюына, қоғамдағы өзара жауапкершілік пен сенімнің артуына жол ашты. Дегенмен, жұртты араңдатқысы келетін кейбір белсенділер демократиялық сипаттағы осы заңның өзіне бағынбау, тіпті оны бұзу керек деп санайды.

Мен бұдан былай ешқандай жұмсақтық көрсетпейтінімізді мәлімдеймін. Басқа да заңдар сияқты бұл заңның талаптары да мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Бәзбіреулердің жауапсыздығы мен бейбастақ әрекеттері заңды сыйлайтын азаматтарымыз үшін тым қымбатқа түсті. Заң бөріне ортақ, оған биліктегі азаматтар да, қоғам белсенділері де бірдей бағынуға тиіс.

Саяси өзгерістер азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісінен бастап, жалпұлттық сипаттағы мәселелерге дейін, яғни барлық деңгейде шешім қабылдауға дайын екенін көрсетті.

Саяси трансформация бүкіл салада тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жойып, адал әрі әділ «ойын ережесін» қалыптастыруды көздейді. Бірақ, осы ниет пен жұмыс қарқыны жұрттың бөріне бірдей ұнай бермейтіні анық.

Бәрін де бармақ басты, көз қыстымен шешіп үйренген адамдар бұған дейінгі артықшылықтары мен табыс көздерін жоғалтып алудан зәре-құты қалмай қорқуда. Олар біздің мемлекеттілігіміздің тұғырын шайқалту үшін дереу іске кірісті. Тіпті, өз халқына қарсы шықты деуге болады.

Қасіретті қаңтар күндерінен кейін көптеген адамдар «бәрі кері кетеді, билік жаңғыру қарқынын бәсеңдетеді деп ойлады. Бірақ, біз алған бетімізден қайтпаймыз. Керісінше, қоғамның барлық саласында жасалып жатқан жүйелі өзгерістердің қарқынын үдету түсіміз.

Мен бұған ұсынып отырған бастамалар қаңтар оқиғаларынан әлдеқайда бұрын мұқият ойластырылып, пысықталған. Ашығын айтпайын, маған «асықпайық, заман жақсарғанға дейін бұл жоспарды қоя тұрайық» деп ақыл қосқан сарапшылар мен мемлекеттік қызметшілер де болды. Олар қазіргі ахуалды өз мүддемізге пайдалануға мүмкіндік туып тұрса, жүйені өзгертудің не қажеті бар деді.

Енді біреулер геосаяси ахуал қатты шиеленісіп тұрған кезде елді «горбачевтік қайта құрудың» сияқты берекесіздік жайлап, көше демократиясы белең алып кете ме деген орынды қауіптерін айтты. Бірақ, мен елімізге түбегейлі реформалар қажет екеніне көз сенімдімін. Өйтпесе, тоқырауға тап боламыз. Біз оның салдары мемлекетті қалай күйрететінін тарих қойнауына кеткеніне көп бола қоймаған кеңес тарихынан жақсы білеміз.

Кешегі қаңтар оқиғаларына да еліміздегі тоқыраудың салдары белгілі бір деңгейде әсер етті. Мен соңғы екі айдың ішінде әлеуметтік-экономикалық салада, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде, ең алдымен, жүзеге асыру қажет болатын міндеттерді айқындап бердім.

Мен бүгін еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынғалы отырмын. Бұл құжат, ең алдымен, қоғамның қажеттілігіне және суранысына негізделген.

Парламент депутаттары, Конституциялық кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғарғы Сот және беделді сарапшылардың ұсынымдары назарға алынды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде осы тақырып бойынша пікірталас өтті. Құжатты әзірлеу кезінде зерттеушілер мен қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары да мұқият зерделенді.

Жалпы, ұсынылып отырған реформаларды біздің қоғамдағы алуан түрлі көзқарастардың жиянықты көрінісі деуге болады. Осыған дейін қолға алынған өзгерістердің заңды жалғасы іспетті бұл бастамалар екі өзекті міндетті шешеді.

Біріншіден, қоғамды дәйекті түрде демократияландыруға септігін тигізеді.

Екіншіден, мемлекеттің орнықты әрі басқаруға икемді болуын қамтамасыз етеді. Бұл ел ішінде болып жатқан іргелі қоғамдық өзгерістер мен шиеленіс түскен геосаяси тартыс кезінде айрықша маңызды.

Қазіргі халықаралық ахуал қырғи-қабақ соғыстың ең қиын кезеңін еске түсіреді. Бірақ, шегіне жете буырқанған, мемлекеттер қатаң санкциялармен тірескен, жер жүзіне қандай кесірі тиетін беймәлім болып тұрған бүгінгі жағдайды адамзат бұрын-соңды көрмеген теңдессіз қиындық деуге әбден болады. Сондықтан, біз үшін көздеген мақсаттан ауытқымаудың, еліміздің тұтастығын, жалпұлттық бірлігі мен тілектестігін сақтаудың өмірлік маңызы бар.

Реформа жасап жатырмыз деген атақ үшін ғана реформа жасаудың ешкімге қажеті жоқ. Мен мұны бірнеше рет айттым. Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасаймыз. Құлғақа жағымды, бірақ орындалуы екіталай, күмәнді көрсеткіштерге алданбаймыз.

Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек.

Біз кез келген мәселені ашық айтпы, оны шешудің оңтайлы жолдарын бірге іздейміз қажет. Экономикадағы, саясаттағы жасанды монополияларды түбірімен жоюға тиіспіз. Оның орнына ашық әрі әділ бәсеке орнату өте маңызды. Себебі нағыз бәсеке болғанда ғана халықтың әл-ауқаты артып, жағдайы жақсарарды.

Бүкіл құзырет бір қолда болуына негізделген басқару жүйесі қазір өзінің тиімділігін жоғалтты. Бұл жүйе көзқарасы мен ұстанымы әрқилы азаматтық қоғамды ұйыстыра алмайды. Сондықтан біз Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгерту үшін әр қадамды мұқият ойластыра отырып жасауымыз керек.

Мен бұл жерде, ең алдымен, басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу туралы айтты отырмын. Мұндай жүйе билік институттарының тепе-теңдігі оңтайлы болуын қамтамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тигізеді.

Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз. Бүгін мен осы стратегиялық мақсатымызға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынамын.

БІРІНШІ.

Президенттің өкілеттігі туралы

Мен бұған дейін айтқанымдай, Қазақстанда суперпрезиденттік басқару үлгісі қалыптасты. Дамудың бастапқы кезеңінде мемлекетімізге мұндай үлгі қажет болды. Бірақ, біз бір орында тұрған жоқпыз. Қоғам да, еліміз де өзгеруде. Саяси жүйеміз жаңа жағдайларға бейімделуге тиіс.

Қазір бізде барлығы Президентке келіп тіреледі. Бұл – дұрыс емес. Біртіндеп бұдан бас тартуымыз қажет. Мен үшін мемлекеттің үзәкмерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ. Сол себепті мен Атапат партиясының қаңтар айындағы съезінде ұйымның төрағалығынан быыл бас тартатынымды мәлімдедім.

Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет.

Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын. Бұл норма саяси бәсекені артырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды. Осылайша, біз еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтаймыз. Дәл сол сияқты, Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитеті мен Конституциялық кеңестің төрағалары және мүшелері міндетті түрде партиядан шығуы керек деген норманы да заңнамаға енгізген жөн.

Барлық өкілеттікті бір қолға шоғырландырған орталықтағы жағдай аймақтарда да қайталанатынын көріп отырмыз. Сол себепті өкімдер мен олардың орын-басарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпполюсті партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саяси және экономикалық қызметтің монополиялануы қаңтар оқиғаларының туындауына басты себеп болғаны бүгінде бүкіл қоғамға мәлім.

Біз қасіретті қаңтардан мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды.

Қай елде болса да, тамыр-таныстық кадр іріктеу ісін бұрмалап, сыйбалас жемқорлықтың тамыр жаюына әкеп соқтырады. Тамыр-таныстық пен рушылдық құрдымға бастайтынын нақты ұғыну қажет. Мұндай қарым-қатынас шағын ғана топтың шалқып өмір сүруіне жол ашады. Ал, өзгелерді өмірінің

ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді.

Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас келіп болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайды деп санаймын.

Президенттің өкілеттігі неғұрлым көп болса, ол соғұрлым шексіз биліктің иесіне айналады. Мемлекет басшысы облыс, республикалық маңызы бар қала өкімдері шығарған актілерді жоюға немесе оңдай құжаттардың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл норма «қолдан басқарудың» орныссыз тәжірибесінің орнығуына әкеп соқтырады және жергілікті атқарушы органдардың дербестігін әлсіретеді. Оның үстіне қазір Президенттің аудан, тіпті ауыл өкімдерін лауазымынан босатуға құқығы бар. Мұндай заң нормалары жою керек.

Президентті тым көп өкілеттігінен айыру еліміздегі саяси жаңғыру үдерісінің тек ілгері басуын қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған бастамалар «ойын ережесін» түбегейлі өзгертіп, қоғамды одан әрі демократияландыру үшін берік негіз қалыптастырады.

ЕКІНШІ. Өкілді билік тармағын қайта құру

Біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтамыз. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет.

Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттар жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді еркендету ісіне белсенді атсалысуға тиіс. Ең алдымен, Сенатты жасақтау тәртібін және оның бірқатар функциясын қайта қараған жөн.

Қазіргі таңда жоғарғы палата 49 депутаттан тұрады. Яғни, әр өңірден екі сенатор сайланады және 15 сенаторды Президент тағайындайды. Мұндай құрылым аймақтардың ерекшелігін ескеруге және заң шығару үдерісіне Мемлекет басшысының тікелей ықпал етуіне мүмкіндік беріп келді. Өз уақытында бұл барынша озық әрі тиімді тәжірибе болды. Бірақ біз алға қарай қадам басуымыз керек.

Президенттің Сенаттағы квотасын бақылаудың құралы емес, Парламентте өкілдері аз әлеуметтік топтардың үні мен ой-пікірін ескеру тетігі ретінде қарастырылған жөн. Осы орайда мен Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдадым. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады.

Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек. Осылайша, біз Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілісті квотасын жоямыз. Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістің депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болған» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды. Жалпы, Сенаттың жоғарғы палата ретінде жұмыс істеуін дұрыс әрі орынды деп санаймын.

Әлемде құрылымы унитарлы және Қазақстанға қарағанда халқы аз мемлекеттер жеткілікті. Соған қарамастан, бұл елдер қос палаталы парламент жасақтаған. Мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ, Еуропада да осындай тәжірибе бар.

Ал, біздің Сенат әр өңіріміздің мүддесін қорғайтын палатаға айналуда тиіс. Соған сәйкес оның өкілеттігін реформалау қажет. Конституцияға сәйкес, Сенаттың Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қабылдауға немесе қабылдамауға құқығы бар. Яғни, Мәжіліс іс жүзінде жоғарғы палатаның қарсылығын еңсере алмайды. Неғұрлым тепе-тең парламенттік жүйе қалыптастыру үшін бұл тәжірибені қайта қараған жөн.

Осы орайда, Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізген дұрыс деп санаймын. Соған сәйкес, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады.

Ал, Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары сот кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығымен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежемпілік механизмдерін елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін едәуір жеңілдетеді. Сонымен қатар, төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет.

Елімізде көптеген ауқымды жобалар, бағдарламалар бар. Бірақ, түрлі себептер байланысты оларды жүзеге асыру барысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет.

Осы орайда Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құруды ұсынамын. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша,

Мәжілістің мәртебесі арта түседі.

Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн.

Сондай-ақ, мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс өкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санаймын. Қазір Мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидаттарға келісім береді немесе келісім бермейді. Осы ретте, заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала өкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны бәсекеге негізде ұсыну құқығын реттейтін тәуелсіз енгізу қажет. Осылайша, Президент облыс және республикалық маңызы бар қала өкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ, Мемлекет басшысының аймақ басшыларын мәслихаттардың келісімінен орнынан босату құқығы сақталады. Өкілді билік тармағын өзгерту жөніндегі бұл жаңашылдықтардың бәрі парламенттік мәдениеті жоғары және ықпалды халық қалаулылары бар Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған.

ҮШІНШІ. Сайлау жүйесін жетілдіру

Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз. Біз осыдан 15 жыл бұрын конституциялық реформа аясында Мәжіліс депутаттарын пропорционалды тәсілмен сайлауға көштік. Ал 2018 жылдан бастап мәслихат депутаттарын да осы үлгімен сайлайтын болдық. Бұл қадамдар еліміздегі партиялық жүйені дамытуға тың серпін берді. Алайда, оның жағымсыз тұстары да байқалды.

Партияда жоқ азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын болды. Мұны ашық мойындауымыз керек. Соның салдарынан халықты сайлау науқанына қызығушылығы күрт төмендеді. Сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейді. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне, ел өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сенбейтін болды. Ашығын айтсақ, қазір жұрт депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайттарды ескере отырып, мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі.

Пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табады. Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталатын болады.

Сонымен бірге аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды. Бұл қадам – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы.

Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса, елдің алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Императивті мандатқа көшу де депутаттардың сайлаушылармен өзара байланысын нығайта түседі. Бір сөзбен айтқанда, енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Бұл – халық қалаулыларына ықпал етудің тағы бір жолы. Осы ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады.

Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Аралас сайлау үлгісі азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, елімізді жаңғырту үдерісіне жұмылдыра түседі деп сенемін.

ТӨРТІНШІ. Партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту

Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден бастау алады. Осыған байланысты, біз партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасауымыз керек.

Партияларды тіркеу ресімі едәуір жеңілдейді. Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн. Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-

ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады.

БЕСІНШІ. Сайлау үдерісін жаңғырту

Халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі, яғни әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор. Соңғы жылдарда бұл үдеріске ақпараттық және технологиялық факторлармен бірге, корпоративтік индустрия да әсер етуде.

Көптеген елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни, электронды, мерзімінен бұрын, қашықтан, көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн.

Байланыс технологиялары қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда кандидаттар мен партиялардың әлеуметтік желідегі белсенділігінің маңызы зор. Бірақ, әлеуметтік желідегі үгіт-насихат қолданыстағы заңнама арқылы реттелмеген. Соған қарамастан сайлау науқаны кезінде онда үгіт-насихат жұмыстары бәрібір жүргізіледі. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тиісті регламент пен ережені бекіте отырып, әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беруді ұсынамын.

Сондай-ақ, байқаушылардың қызметін заңмен реттеу керек. Бұл институт та ашық сайлау жүйесінің ажырамас бөлігі саналады.

Демократия тарихы дегеніміз – ең алдымен, сайлау рәсімдерін жетілдіру тарихы. Сондай-ақ сайлау заңнамаларының сақталуын бақылау тарихы деуге болады. Осы орайда, мен байқаушылардың құқықтары мен жауапкершілігі нақты белгіленуге тиіс деп санаймын.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссиялары да маңызды рөл атқарады. Былтыр ауыл өкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілгені белгілі. Осыған байланысты сайлау науқаны бүкіл еліміз бойынша үздіксіз үдеріске айналды.

Қазақстан халқына жолдауы

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

қоғамдық сенім кеңесінің қатысуымен бұдан басқа да бірқатар заманауи бастамалар жүзеге асырылды.

Дегенмен, құқық қорғау мәселелері үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді. Сондықтан өлім жазасына тыйым салу туралы шешімді біржола бекіту үшін Конституцияға тиісті өзгеріс енгізу қажет деп санаймын.

Азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісінде жүйелі ұстаным болуы маңызды. Қазіргі таңда осы мәселеге жауапты нақты бір орган жоқ. Мұндай жағдай белгілі бір тәуекелдер туындатуы мүмкін. Сондықтан бұл құзыретті Бас прокуратураға беруді ұсынамын. Осындай ұстаным тергеудің объективті және бей-тарап жалғызілуін қамтамасыз етіп, құқық қорғау саласындағы бассыздықты жазасыз қалдырмау қағидатын бекіте түседі.

Сонымен бірге қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Бұл ретте, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтармен тиімді күресу маңызды рөл атқарады.

Бүгінде азаматтар мен қоғам белсенділері әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендердің жазасын қатайту қажеттігін жиі айтып жүр. Мен бұған дейін мұндай құқық бұзушылықтарды қылмыс санатына жатқызудың орынды, я орынсыздығын анықтау туралы нұсқау бергенмін. Бас прокуратураға бұл мәселені жан-жақты зерделеп, біржола шешуді тапсырамын.

Мен Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжаттар заң тәртібін күйетіту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін қажет.

Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кесібі болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде.

Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түсуде. Бұл ретте, Жоғары сот кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді.

Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы өте маңызды. Бұған Жоғары сот кеңесінің конкурстық рәсімдерімен онлайн трансляция жасау арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар мұндай конкурстардың қорытындыларын нақты дәлелмен түсіндіріп, жариялап отырған жөн.

Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің көнілен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

ЖЕТІНШІ. Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілетін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту
Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағида қазір кез-келген еркеніетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс.

Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты. Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік пен сұранысқа ие әрі пәрменді ақпарат құралдарын құруға айрықша назар аударады. Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен халықтың арасындағы тиімді байланыс арнасы бола отырып, елдегі қордаланған мәселелерді көтере алады және көтеруге міндетті. Бірақ, мұны жоғары азаматтық жауапкершілікпен жасау керек.

Біздің қоғамымызды ыдырату үшін сырттан берілетін тапсырстармен жұмыс істеуге немесе көлеңкелі қаламақы үшін саяси қландардың астыртын тартысына қатысуға болмайды.

Журналистер өз еліне және азаматтарына шынайы жанашыр болуға тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бекерден бекер «төртінші билік» атанбаса керек. Сол себепті сіздер жұрттың санасы мен сезіміне ықпал ету мәселесіне мұқият қарағандарыңыз жөн. Мен мұны журналистер қауымына арнайы айтып отырымын.

Тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес екеніне сенімдімін. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керек.

Қоғамдық ұйымдардың қызметі елімізді орнықты және жан-жақты дамытудың тағы бір маңызды факторы саналады. Үкіметтік емес ұйымдар маңызды әлеуметтік мәселелерді ұдайы көтеріп, оларды көшенді түрде шешуге септігін тигізіп келеді.

Қазір Қазақстанның алдында тұрған міндеттер мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізуді, азаматтық қоғам институттарын жүйелі түрде жаңғыртуды талап етеді.

Реформаларды әзірлеу және оны жүзеге асыру ісіне қоғамдық ұйымдар мен белсенді

азаматтарды барынша тарту қажет. Сол үшін, ер алдымен, ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттардың бәрі ашық талқылануын қамтамасыз ету керек. Бұл мәселе бойынша жасанды пікірталас өткізіп, көзбояушылық жасауға болмайды.

Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет. Сол себепті орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Мен бірнеше рет олардың қызметіне қатысты сын айтқан болатымын. Дегенмен, бұл кеңестердің орасан зор институционалдық әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек.

Биыл менің бастамам бойынша осы кеңестердің құрамы және жұмыс жоспары түбегейлі жаңартатын болады. «Кеңесің пішкен тон келте болмаса деген нақыл сөз бар. Бабаларымыз ел тағдырын айқындайтын тарихи шешімдерді бүкіл халық болып ақылдасып, бірге қабылдаған.

Ұлытауда, Ордабасы мен Күлтөбеді өткен ұлы басқосулар – соның айқын дәлелі. Келелі жындыда айтылған кесімді сөзге алты Алаштың баласы түгел тоқтаған. Біз бірліктің бастауы болған осы дала демократиясының дәстүрін жаңғыртуымыз керек.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарады. Енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынамын. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады.

Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыруға тиіс. Сөйтіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналатын болады. Қазіргі қоғамдық кеңестердің бәрін өз айналасына топтастырады.

Ұлттық құрылтайдың құрамында еліміздегі барлық аймақтың өкілдері болады. Сондай-ақ, оған Парламенттің бірқатар депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, беделді қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы еңбеккерлері, бизнес өкілдері және тағы басқа азаматтар кіреді. Осылайша, сан түрлі қоғамдық пікір иелерін түгел қамтитын өкілді құрылым қалыптасады. Ұлттық құрылтай мүшелері маңызды мәселелерді талқылау үшін тұрақты түрде бас қосып отырады.

СЕГІЗІНШІ. Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру

Сайлау жүйесіне, Парламентті жасақтау тәртібіне өзгеріс енгізген кезде елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын ескеру керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірнеше облыс біріктірілді. Оның сол кездегі саяси және экономикалық ахуалдан туындаған өзіндік себептері болды.

Қазір Қазақстан дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуал мүлде басқа. Бүгінгі сын-қатерлер де, міндеттер де бөлек.

Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Мен бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды. Бұған дейін Шымкент республикалық маңызы бар қалаға айналды. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілді. Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы деп аталды. Бұл қай жағынан алсақ та, дұрыс қадам болды. Оны халық өте жылы қабылдады. Мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда осы үрдіс жалғасатынын айтқан едім.

Содан бері азаматтарымыздан көптеген ұсыныстар келіп түсті. Менің тапсырмам бойынша оның бәрі мұқият зерделенді. Халықтың қалауын ескеріп, мен бүгін бірқатар бастама көтергелі отырымын.

Ең алдымен, Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын. Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін. Қазір ол жақта шешімін таппаған түйткілдер аз емес. Мысалы, аймақтың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы да маз емес. Біз тарихи әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға тиіспіз.

Тағы бір мәселе. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім.

Кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры шешілген ұлы жындыр осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз.

Үшінші мәселе. Алматы агломерациясына қатысты түйткілдер көп. Облыс тұрғындары негізінен қала төңірегіне шоғырланған. Ұзынағаштағы немесе Талғардағы мәселені сонау Талдықорғанда отырып шешу оңай емес. Облыс орталығына бару үшін халықтың

алысқа сабылуына тура келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, Алматы облысын екіге бөлуді ұсынамын.

Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда болуы керек. Ал, Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасады. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тың серпін береді деп санаймын.

Жалпы, жаңа облыстардың құрылуы – көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе. Кезінде облыс мәртебесінен айырылған өңірлерде тұрғындар саны азайып, тұрмыс сапасы төмендеп кеткені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыратын кез келді.

Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады. Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді.

Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау Жетісу деп аталуының ерекше мәні бар. Біз ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз. Мәселен, Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті – Дінмұхамед Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деп ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын. Мен мұның бәрін азаматтардың ұсыныс, пікірлеріне сүйеніп айтып отырмын. Жергілікті тұрғындар жаппай қолдаса, осы бастамаларды таяу арада жүзеге асыруға болады деп санаймын.

Үкіметке әкімшілік-аумақтық құрылымға қатысты мәселелерді мұқият саралап, оны іске асыру жолдарын ұсынуды тапсырамын. Бұл – оңай шаруа емес. Оның бәрін жан-жақты ойластырып, байыппен жасауымыз керек. Бұл ұсыныстар облыс және республикалық маңызы бар қалалардың өкімдері аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер санын оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдауға да мүмкіндік береді. Оларды қысқарту өңір тұрғындарының санына қарай жүзеге асырылады. Қалай болғанда да, өкімнің орынбасарлары үшеуден аспауы керек. Ерекше жағдайда ғана төртіншісіне рұқсат беріледі. Президент Әкімшілігі бұл мәселені бақылауына алуға тиіс.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру.

Билікті орталықсыздандыру үдерісін тереңдеті түспесе, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі азаматтардың өзі тұратын жердегі тұрмыс сапасын жақсартуға тікелей қатысуына негіз болатынын түсінуіміз керек. Өз қаласы, ауданы мен ауылына деген жауапкершілікті мойнына алуға қазақстандықтардың қашанда дайын екені анық. Адамдарды жете бағаламауға болмайды. Оларға қолдарынан келетін өкілеттіктерді беруден қорықпаған жөн.

Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибридіті сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет.

Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған өкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымысыз қолдауға ие болуда. Өкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді.

Сондай-ақ олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстар иеленген соң ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда, бұл өзін-өзі басқару емес, жәй ғана алдамшы нәрсе болып шығады. Осыған байланысты қажетті дайындық жұмыстарының бәрін биылғы жылдың ортасына дейін аяқтау керек.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін мемлекеттік сатып алу тәртібін жеңілдету, бюрократия мен формализмді жою маңызды қадам болмақ. Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, берілген тапсырмаларды жүзеге асыру тәсілдерін пысықтауды және соның бәрін «Өзін-өзі басқару туралы» заңды әзірлеу кезінде ескеруді тапсырамын. Сонымен қатар бұл саладағы халықаралық базалық құжат болып саналатын Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясын Қазақстанның ратификациялауы мәселесін пысықтау қажет. Бұл шаралардың барлығы өз айналасындағыларды жұртшылықты толғандырған проблемаларды тиімді шешу ісіне жұмылдыра алатын, нағыз беделді, жауапкершілігі мол жергілікті көшбасшылардың шығуына септігін тигізетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің нығая түсуі өңірлерді дамыту, масылдық көңіл-күйді төмендету және еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

ОНЫНШЫ. Дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар туралы

Геосаяси ахуалдың қатты ушығып кетуіне байланысты Қазақстан қазіргі тарихымызда болып көрмеген қаржылық-экономикалық

қиындықтарға тап келіп отыр. Қатаң санкциялық тайталас қазірдің өзінде жекелеген елдерді ғана емес, тұтас жаһандық экономика-ны елеулі шығынға ұшыратуда. Ахуал жедел, тіпті сағат сайын өзгеруде. Әлемдік нарықта белгісіздік пен тұрақсыздық өршуде. Өндірістік және сауда жүйелері күйреп жатыр. Бірақ соған бола байбалам салуға негіз жоқ. Біздің елімізде ауқымды дағдарысты өзгеруге қажетті резервтер мен амал-тәсілдердің бәрі бар.

Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруға міндетті. Ең алдымен, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету керек. Бұл – біздің экономикалық қауіпсіздігіміздің негізгі факторы.

Соңғы кездегі оқиғалар теңге бағамына орасан зор қысым жасалғанын көрсетті. Мұны өздеріңіз де көріп отырсыздар. Валюта нарығындағы тұрақсыздық жұрттың үрейленуіне, капиталдың елден шығарылуына, трансшекаралық «жасырын» ақша аударылымдарына байланысты болып отыр. Сондықтан, қаржы саласында өршіп тұрған жасанды сұранысты, соның ішінде сырттан келген сатып алушылардың белсенділігінен туындаған сұранысты азайту қажет.

Алдыңғы күні мен валютаны шетелге шығаруға шектеу енгізетін жарлыққа қол қойдым. Ірі институционалдық құрылымдар шетел валюталарын тек өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау аясында ғана сатып алып, сұранысты қамтамасыз етуі керек. Мемлекеттің қатысуымен экспорттық валюта түсімдерін сату көлемін арттыру мәселесін пысықтаған жөн. Жер қойнауын пайдаланушы жеке сектордың да өз валюта түсімдерін сатуы күтөмін.

Екінші деңгейдегі банктер өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау барысында клиенттерінің валюта алуына бақылау және мониторинг жүргізуге тиіс. Банктердің осы талаптарды сақтауына қатаң бақылау жасаған жөн. Нарықтағы алаяқтық әрекеттер ешқашан да қорымыздағы қаржыны орынсыз «жаратуға» түрткі болмауға тиіс.

Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл бағытта шешуші шаралар қабылдауы керек. Жалпы, ұтымды шешімдер қажет.

Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Украинадағы оқиғалар азық-түлік бағасының күрт өсуіне әкеп соқтырды. Таяу уақытта бұл бағалар шарықтат кетуі де өбден мүмкін.

Осыған орай, егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады. Бірақ, көптеген шаруалар егіске елі дайын емес. Үкімет пен өкімдіктер бұл жұмысты ерекше бақылауға алуға тиіс. Шаруалардың қажетті жанар-жағар майды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету керек. Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тіндейтқыш қорларын қайта тексерген жөн. Бірқатар өңірлердегі жауын-шашынның аздығы егіннің шығымын мандытпай, жемшөптің жетіспеуіне әкеп соқтыруы мүмкін екенін ұмытпайық.

Жалпы, фермерлер қауымдастығымен бірлесіп, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау тәсілдерін қайта қарау керек. Тапшылықтың және азық-түлік бағасының жөнісіз қымбаттауының алдын-алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау қажет.

Алмағайып өзгерістер жағдайында мемлекеттік аппарат ахуалға тез бейімделіп, барынша үйлесімді әрекет етуге тиіс. Шешімді жайбасарлықпен қабылдауға, шенеуніктік формализмге жол берілмейді. Қазір толықтай жұмылуымыз қажет. Бизнес өкілдерінің және азаматтардың нақты сұранысы негізінде шешімдер әрі кеткенде үш күн ішінде, тіпті, қажет болса бір тәулікте қабылдануға тиіс.

Үкімет жанынан құрылған Жедел штаб ақпаратқа сол сәтте талдау жасайтын, сондай-ақ нақты шұғыл шаралар әзірлейтін Ахуалдық орталық сияқты жұмыс істеуі керек. Еліміздің дамуын мейлінше тежейтін шектен тыс бюрократияландырудың жүйелі түрде жойып отыру қажет. Оның ауқымы ұлғайғаны соншалық, көптеген мемлекеттік құрылымдар өзін тек сонымен ғана байланыстырады.

Жақын уақытта мен Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы жарлыққа қол қоямын. Бұл құжат мемлекеттік органдардағы ішкі рәсімдерді түбегейлі қайта қарап, заң шығару және бюджет үдерістерін оңтайландырудың бастауына айналады. Сонымен қатар, саяси жаңғыру стратегиясын ескере отырып, экономика мен мемлекеттік басқару ісіндегі жаңа құрылымдық реформалар топтамасын әзірлеуге жедел кіріскен жөн.

Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс. Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Құрметті отандастар!

Менің бүгінгі бастамаларым өте ауқымды. Бұл бастамалар еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын едәуір өзгертеді. Оны жүзеге асыру үшін Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу қажет. Сондай-ақ, жылдың соңына дейін тағы 20-дан астам заң қабылдау керек.

Заң жобасын әзірлеп, оны қабылдау – едәуір уақыт алатын күрделі жұмыс. Сондықтан, оған аса жауапкершілікпен қараған жөн. Сондай-ақ, ішкі-сыртқы сын-қатерлерді мұқият ескеруіміз керек.

Біз Тәуелсіздік жылдарында небір қиындықтан аман өттік. Сын-қатердің бәрін еңсеріп, осы күнге жеттік. Енді елімізді түбегейлі жаңғыртуға кірістік.

Бұл кезең алмағайып уақытқа тұспа-тұс келіп отыр. Қазіргі халықаралық ахуал Қазақстанға да өсер ететіні анық. Бірақ, заман халшалықты күрделі болса да, біз бағдарымыздан айнымаймыз. Өткеннен тағылым алып, шекшеке сеніммен қадам басамыз. Осы жолда жұртымызға, ең алдымен, ауызбіршілік керек. Ақыл мен сабыр, парасат пен ұстамдылық қажет.

Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз.Отаншылдық рухы жоғары ел кездеген мақсатына қалайда жетеді.

Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Бұл нені білдіреді?

Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтығы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз.

Маңызды шешімдер жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданады. Өйткені, мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады. Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады.

Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын. Мақсатқа жету үшін мемлекеттік аппаратты жаңарту немесе қадрлық ауыс-түісі жасау жеткіліксіз. Өзгерісті әрқайсымыз өзмізден бастауымыз керек. Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс.

Мұның бәрі – оңай жұмыс емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үдеріс. Бұл жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді.

Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтінді анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан, баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын. Халықтың қолдауымен мақсаты

ӨЗ-НАУРЫЗДЫҢ АҢЫЗЫ МЕН АҚИҚАТЫ

Күн мен түннің теңелуін қазақ елі Ұлыстың Ұлы күні деп атаған. Себебі наурыз айында Алты ай бойы қатқан тоң жібіп, мұз еріп, көк шығып, аққа қол жететін, тіршілік жаңарады. Наурыз мерекесінің қай ғасырдан басталғаны беймәлім. Алайда бізге дейінгі дәуірлерде түрлі мемлекеттер тойлағаны тарих беттерінен белгілі. Сонау ғасырлардан бері аталып келе жатқан мейрам тек қазақ ұлтына ғана тиесілі емес, Орта Азия мемлекеттерінде де мейрам ретінде саналады. Әсіресе түркі халықтарының ұлттық мересіне айналған Өз-Наурыздың шығу тарихына қатысты халық аузында жүрген бірнеше аңыздың нұсқасы бар. Наурыз мейрамының басты тағамы саналатын – көже бұл мейрамның басты ерекшелігі. Жалпы, наурыз көже тағамының қазақ салт-дәстүріне енуі тегін емес. Себебі аңыз желісіндегі көженің түп мағынасы адамдарды достыққа және бірлікке шақырады.

Ерте заманда Қазақ елін әлсін-әлсін жау шауып, ел бірде олай, бірде бұлай ауып, мал-жаны қырылып, ел басына ауыр күн туса керек. Сондай қилы да, қасіретті жылдың бірінде Наурыз атты қария елін бастап күн көріске, малға жайлы қопалы аймақты қыстайды. Құдай оңдап, сол жылы жауынгерлері майданнан жеңіспен оралып, мал-жандары қыстан аман-есен шығып, ел-жұрт мәре-сәре болады.

Наурыз қарт күнтізбе, жыл санау, аспан әлемінің жер бетіне әсер ететінін білген жылнамашы болса керек. Ол күн мен түннің теңелген, жер бетінің бусанғанын біліп, 22-наурызда ерте ел аралап «Бүгін ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің теңелген, бота боздап, қой қоздайтын қасиетті күн. Жан - жануар, өсімдіктердің өсіп өнетін, жер анадан қуат алып, ерекше күйге енетін күн. Сондықтан барлық үй той жасандар! Бұдан былайғы атар таң, көрер жылдарымыз бүгінгідей қуаныш мерекемен басталар болсын! Ұрпақтарымыздың көңілін қайғы-қасірет торламасын!», – деп әмір етіпті.

Сонда қарияға кемпірі күліп: – Ау, отағасы! Еліңе қиыншылық уақытта той жаса дейсің, қыстан қысылып өрең шыққан жұрт тойды несімен жасайды? – дейді.

Оған қарт: – Тойдың қызығы байлық пен қарын ойдыруда емес, қайта көңіл көтеріп, рухани азық алуда. Көппен бірге көңілді отырып ішкен бір ұрттам қара су мен бір аяқ көженің нарқы есерлікпен өткен 40 күндік сауық пен 40 жыл жинаған байлықтан артық. Ал енді кемпір отырмай сенде қабыңның түбін қак, – депті. Қаптан бір кәрі жілік пен бірнеше кесек ет шығады. Оны көрген қарт кемпіріне. «Жарайсың, кемпірім! Тұп-тура бір тойдың етін сақтапсың, дереу қазанға сал: қазанның құлағына төрт жапырақ май қой, оның біреуін піскенде өзің же, біреуін үлкен балаңа бер, біреуін күйеу балаңа бер, біреуін немереңе бер, кәрі жілікті қарияларға тарт, қалған еттерді турпа көжеге салып жібер және көжеге арпа, бидей, тұз, құрт (айран, қатық) сияқты жеті түрлі дәм қосылсын. Кәрі жілік бабалар дәстүрінің жалғасы, дән өсіп-өркендеудің белгісі болсын. Су мен тұз – ұрпақтарымыздың дәм-тұзы жарасып, мәңгі тату-тәтті өмір сүруіне дәнекер болсын. Айран, қатық-айрандай ұйдыр, ақ көңіл, адал ниетте екендігімізді білдірсін. Ал қазан құлағына піскен төрт жапырақ-май, төрт түлігіміз сай, бай-бақуатты тұрмыс кешіуіміздің өмірлік үлкен-кіші, кәрі-жасы түгел дәм татсын, осы той әр жылы дәл осы күні тойлансын!» деген екен. Сөйтіп Наурыз қарттың елі қап түбінде қалған еттерін түгел қазанға салып ұлан асыр той жа-сап, көңілдерін көтеріпті. Ел қарияға алғысын жаудырып, той қызығын елденеше күнге жалғастырыпты.

Келесі бір аңызда Наурыз мейрамын Нұх пайғамбардың жаратылыс иелерін судан сақтап, оларды тамақтандыру үшін жасалған көжемен байланыстырады.

Қазығұртқа Нұх Пайғамбар кемесі күн мен түн теңескен кезде тоқтапты. Бұл наурыз айының 21-нен 22-не қараған түні екен. Пайғамбар топан су апатынан аман қалғанына шүкіршілік етіп, Құдайы тамақ бермек болады. Кемедегі азық-түлікті қараса, алақандай ет, азын-аулақ құрт, бір ұсы бидай мен жүгері, тары, су, бір шөкім тұз қалған екен. Нұх Пайғамбар тәуекел етіп, барлығын қазанға салып пісіреді. Тағамды әр былғаған сайын Алланың есімін айтып ұлықтайды. Сол сәтте Алла Тағала періштелерге: – Көрдіндер ме? Мен үшін қолыңдағы барын қазанға салып, ас беріп жатыр. Барып, қазанына Кәусар бұлағынан су



тамызындар, берекемді шашындар, – дейді. Алла Тағаланың пәрменімен періштелер жиналып, қазанға Кәусардан су тамызып, береке шашады. Осылайша жеті түрлі дәмнен жасалған тағам берекелі асқа айналады. Жан-жануар, аң-құс жиналып, Пайғамбар қазанынан дәм татады. Су басқаннан кейін тіршіліктің бастауы болған Наурыз айында адамдарды, жануарларды, барлық тіршілік иесін тойдырған Нұх пайғамбардың бұл тағамы «Тілеу көже» немесе «Наурыз көже» деп аталып, мис-рас болып қалған екен деседі.

Ертеде бір қауым елдің ішінде бірлі жарлы қызғаншақ адамдар халық арасына ірікті салады екен. Еркектер өз араларында келіспеушілікке тап болып, бірліктері тіршіліктің тыңдамапты. Осылайша реттілік бұзылып, ел ішінде ылаң көбейе бастайды. Осы уақытта әр жерден ақсақалдар жиналып, кеңес өткізеді. Жиын Наурыз мейрамына тұспа-тұс келеді. Олар қыз-келіншектеріне ең үлкен қазанға, жиналған қауымды тамақтандыратын ас әзірлетеді. Тамақтанып болған соң, ақсақалдар арасында ең бәделдісі тұрып, былай депті: «Ит екеш иттің өзі, күшік көздерінде бір анадан сүт ішіп, бір-біріне туған бауыр екендерін сезінгендіктен, өзара тітесіп, таласу дегенді білмейді. Осы мейрамда біз де бір ананың сүтін ішкендей, бір қазаннан астың дәмін таттық. Бүгіннен

бастап ғасырдан-ғасырға туған бауырлардай бір-бірімізді құрметтеп, сыйлап өтейік!». Осыдан соң адамдар бұрынғы өкпе-реніштерінің барлығын ұмытып, қайтадан бірлікте және татулықта өмір сүрген және «Наурыз көжені» халық арасында «тілеу көже», «көп көже» деп атапты.

Қазақтың өзгермес салтына айналған – наурыз көже дайындау – қазақ халқының жан дүниесінің кендігі мен қонақжайлығын ғана емес, сонымен қатар адамдарының бірлікке, ынтымақтастыққа бағытталуын көрсетеді. Қай аңызды алып қарасаңызда ерекшелігі көжемен байланысты. Яғни қиын қыстаудан шыққан қарапайым халыққа көктем қуаныш әкелген. Айлап көріспеген халық көрісіп, «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетініне» сеніп амал жасаған. Бір-бірімен қауышып, дәмдес болған. Шама-шарқы жеткенше «жаңа күн» келді деп мерекелеген. Табиғат құбылысына орай бейімделген халық, біраз уақыттан бері қауышқанына риза болып, көрісу жоралғысын жасаған. Алты бақан құрып, сауықшыл жастар түрлі ойындар ойнаған.

Сонау ғасырлардан бері Наурыз мейрамының бүгінге дейін тойлануының мәні – бас қосып, бір қазаннан ас ішуінде десек қателеспегеніміз.

Д.ҚАЛЫМБЕТ

ТӨРЛЕТ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!

Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Бұл ежелгі мереке күнәдан тазару, киім-кешектерді тазарту, үйді тазарту, жамандықтан және өшпеділіктен тазару мерекесі ретінде атап өтіледі. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақжарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Қазақстанның батыс облыстарындағы тұрғындар Наурыз мейрамын тойлауды 14 наурыздан бастайды. Бұл мерекені «Көрісу» немесе «Амал» мерекесі деп атайды. Таң атысымен «Көрісу» мерекесін асыға күткен әрбір отбасы дастарқанын қазақтың құрт, бауырсақ, ірімшік, сары май, уыз сынды ұлттық тағамдарымен көмкеріп, нау-рыз көжесін дайындап, табалдырығын аттаған әр қонағын жылы жүзбен қарсы алады. Оларға ерекше ілтипат көрсетіп, төріне шығарып, ас ұсынады. Дәл осы күні әр адам өзінен жасы үлкен кісілердің шаңырағына кіріп, амандасып көріседі. Барған үйіне «Бір жасыңызбен!» деп еніп, жаңа жылға аман-есен аяқ басқан жора-жолдас, туған-туысқандарын құттықтайды. Бір-біріне деген өкпе-реніштері болса кешіріп, амандық-саулық тілседі. Сондай-ақ, әр отбасы көршілерімен көріседі. Бұл күні әр адам міндетті түрде үш үйдің есігін ашуы

керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі тиіс деген ырым да бар. Үй-үйді қыдырып жүргенде кішкентай балаларға аналары шағын дорба ұстатып қояды. Балақай қай үйге көрісуге кірсе, сол үйдің дастарқанынан ауыз тиіп, бауырсақ, төттілерден салып алады. Бұл жоралғы «жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін, дастарқанымыз аралас болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін» деген ниеттен туған екен. Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Ұлыстың ұлы күнінің басты тағамы – Наурыз көже. Наурыз – барша қазақстандықтардың ортақ той-думаны. Наурыз – достық пен еркіндіктің мерекесі. Ендеше, төрлет, елімізге құт дарытатын Ұлыстың Ұлы күні!

Р.БЕЙСЕНБИНОВА,
Төлеңгіт ауылдық округінің
жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы

◆ TARAZY

ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Наурыз — қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесі. Дәл қазір жердің тоңы жібіп, сай-саланы су алып, күннің көзі ерекше нұрға бөленген. Ал мейрам жайында айтылған пікірлер мен аңыздар көп. Бұл жөнінде Алаш арыстары да қалам тербеген.

Қожа, молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты – Наурыз дегізген. Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар» деген – тіпті ескі мақал.

Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

Қайда атақты, асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен.

Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ

«Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, құтты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді».

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

«Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе былай деп жазады: «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін Ораза, Құрбан айттары есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол – Наурыз.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ

Қыс бойы ақ кебінін жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да, көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге саяды.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ

Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжам жасайды. Қазақтың Жаңа жылы – жазғытұры күн мен түннің теңелген (22 наурызда) күні болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы, күн қараңғы, суық түннен ұзара бастайды...

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурызнама қыламыз деп тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен.

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Жеткен кезде Наурызымыз жапан біткен жаңғырар, Тұман орап тау басын, аспан үрпі салбырар. Жансыздарға жан бітіп, өуен билеп манды бір, Жер көгеріп, шөп қаулап, мерейін бір қандырар. Күнге тосып арқасын жан-жануар албырар, Аунап-қунап барлығы жерге түсін қалдырар...

МАҚТЫМҚҰЛЫ

Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн “Қызыр түні” деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыру үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді... Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударуға бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қызықтар көрсетеді...

Ақселеу СЕЙДІМБЕК

ҚҰНДЫЛЫҚ БАБАЛАР ҰЛАҒАТЫ

Біз қазақ деген көшпелі өмір салтын ұстанған халықпыз ғой. Бір күні Қазыбек бидің атасы Шаншар би өз ауылымен басқа жаққа көшетін болыпты. Таң қылаң бере көшкен ел кейде көз байлана, кейде ақшам ауғанда, судың ұшырасуына байланысты, қонуға тоқтайды екен. Оты-суы келіскен жерге бірер күн еру қылса, ◆ тақырға тал болғанда көп бөгелмей, үдере көшеді. Сондай салқар көштің үстінде ауыл адамдары ел иесі Шаншар ақсақалға келіп, баласы Келдібектің аяғы ауыр келіншегі Тоқмейіл кейіндеп қалғанын, еру қылған жерге өлі жетпей жатқанын хабарлайды. Мұны естіген абыз қарт жігіттерге: «Келіннің аты болдырып қалған-ау шамасы, алдынан менің қара жорғамды жіберіндер. Басқа жылқы оны көтере алмайды, өйткені келіннің ішінде алтын жатыр ғой», - депті. Сөйтіп, ауыл адамдары Тоқмейілдің алдынан Шаншар абыздың қара жорғасын алып шығады. Еру қылған жерге ол да таяп қалған екен, жорға бақарм соң: «Атасының атына келіні мінгені жарамас, обал болар. Мен ер-тоқымның үзеңгісінен ұстап-ақ барайын» – деп, ауылға жаяулап жеткен екен. Келісімен толғатып, тал түсте босанады. Сонда туған нересте Қазыбек би көрінеді.

Осы бір қып-қысқа оқиғада қандай терең мән жатыр десенізіші. Бұл жерде Шаншар абыздың көрегендігі мен келіні Тоқмейілдің тектілігін байқамау мүмкін емес. Шаншар би келінінің әрбір әрекетіне, сөзіне, ісіне, оның арғы тек-тамырына қарап, дүниеге қандай бала әкелетінін бұрыннан-ақ біліп, күтіп жүрген ғой. Ал келіні болса, атасының мінген атына мінуді жөнсіз санап, сол жердің өзінде өз тектілігін білдіріп отыр. Алып анадан туады деген осы шығар... Еліміз осындай алтын құрсақ аналардан кенде болмасын, ағайыны!

Д.АЛАШБЕК

БЕСІКСІЗ ҮЙДЕ БЕРЕКЕ ЖОҚ

QAZYNA

Рухани жаңғыру деп жар салып, өскіндердің ішкі сарайына бар құндылықты енгізуге еңбектенудеміз. Қанша заң қабылдап, бағдарлама шығарсақ та отбасылық тәрбиені ұлттық негізге бағыттамай ұтарымыз жоқ. Қазір қазақтығымызды танытар қасиетті де құтты мал бесікке таңылмай, маңдайына әлді өнін тыңдау бұйырмаған балалар өсіп келеді. Бұл қазақтылықтан хабары жоқ, тамыры тереңге тартылған ұлтының ұстанымына, қасиетті қағидаларына көз жұма қарайтындардың көптігінен туындауда.

да шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапаланады... Бірақ жылдар өте береді... Би үйленіп, тұңғышы дүниеге келеді. Бірақ туа сап, сәби тоқтамай жылай береді. Оған шартарапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарға жатқызып, сәбиді тербетіп отырады. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Оның орнында қалған ағаш бұтағымен Айдархан, қазіргі «бесік» деп айтылып жүрген бұйымды жасайды. Осылайша, «бесік» көшпелі қазақ халқының ажырамастай мұрасына айналады. Иә, бай болсын, батыр болсын, патша болсын бәріміз жер бесіктен, тал бесіктен қуат алып, қанаттандық. Баланың тәрбиелі болып өсуіне отбасының әсері мол. Ал отбасының ең маңызды қызметінің бірі – тәрбие беру. Тәрбие – тал бесіктен басталады. Бесіктің ұрпақ үшін пайдасы да ұшан-теңіз. Бесікке жатқан бала дені сау, ұйқысы тыныш, дүниетанымы кең, өмірге құштар болып өседі. Тілі де ерте шығады. Қол-аяғы бос жатқан

өзгенің арзанқол жылтырағына әуестенбей ме? Өзге дінге бет бұрып кететіндер, болмыс пен қазаққа тән құндылықты аяқасты ететіндер соның арасынан шығады. *Қуаныштың артығы жоқ сәбиден, Арманыңды жалғастырып тұратын. Әлем үні басталады әлдіден, Мұрагерің ұымттырмас мұратың.* Қараңызшы, бір ғана өлең шумағында тұтас бір ұлттың, қазақ деген қаймағы бұзылмаған халықтың ең қымбат байлығы жатыр. Дүниеге сәби келсе қуанатын қазақпыз. Ең үлкен тойдың бірі де нәрестенің өмірге келуі. Шілдеханадан кейін көп ұзатпай баланы бесікке салу ырымы бар. Бұл рәсімге әйел-аналар шақырылады. Бесікке салу жолы ұлын ұяға, қызын қыяға қондырған, өнегелі әжеге, әйелге тапсырады. Мұның өзі жаңа келген сәбидің өмірі жақсылыққа толы болсын дегенді білдіреді. Бір-екі келіншек бесікті жақсылап жабдықтаған соң, алдымен, бесікті отпен аластап алады, сосын «тыштырма» жасайды (бесіктің түбек салынатын тесігінен балаларға тәтті үлестіріп беру осылай аталады). Мұнан соң нәрестені айнала отырып, бесікке бөлеп, оның үстіне, баланы әуақтар қорғап жүрсін деп атадан қалған сырт киім, ел тізгінін ұстар азамат болсын деп аттың тізгінін, ел арасында айбынды болсын деп қамшы қояды. Бесікке салу, жалпы бұл құндылық қолданысқа қандай деңгейде екенін сараптау мақсатында сауал да жүргізіп көрдік.

Бірі – бесіктен көрген рахатым көп. Әсіресе, нәрестені таза ұстауға, жылағанда тербетіп жұбатуға таптырмайтын дүние, – десе, мен балаларымды керуентте, кольяскіде өсірдім. Бесікке жатпағаннан кемтар болып қалғаны жоқ. Бесік дегенің жұмысы көп, төсеніші қабат-қабат зат қой. Мен екі баламды анамның төсілімен-ақ аяқтарын тәй-тәй бастырдым. Қазір дайын «памперс» бар, сол рахат. Бесік жыры туралы ештеңе айта алмаймын. Өйткені, ондай жыр бар екені естігенім болмаса, хабарым жоқ, – деді жас келіншек. Ал жас өке бесік жырын айтатын әйелді көрген емеспін. Балаға көбірек қарайтын анасы ғой. Бізге жылтпас болды. Қайда жатқызса да, – деп құлықсыз сөйледі.

Елбасы Н.Назарбаев бір сөзінде: *«Әйел – бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей – бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді» деген еді. Расымен бұл тұжырымның төркінінде терең мән жатыр. Ел болам десек бесігімізді түзейік. Өйткені бесіксіз үйде береке жоқ.*

Б.ШЕКЕР



Аңызға сүйенсек, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған. Бидің әкесі, төңірекке белгілі Мизам баба қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтумен айналыса керек. Елге сыйлы баба 150 жыл өмір сүрген. Өзі сүрген ғұмырында екен көшет-талдардан үлкен бау-бақша өсіреді. Мизам бабаның о дүниеге сапар шеккенінен хабардар қытайлар бақилық бабаның еңбегін көреалмаушылықпен өртеп жіберіпті. Сол уақытта бабаның баласы, Айдархан алыс ауылға сапар шегіп кеткен екен. Би түсінде әкесін көреді, лезде бір сұмдықтың болғанын сезген ол, үйге қарай аттың басын бұрады. Ауылға асығыс жетіп, ну орманның орнын-

сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді. Сәбидің тұла бойы тазалыққа үйренеді. Бесік болмаған жерде бесік жыры да айтылмайды. Бала жатар «құтты ұяны» жырман тербеген дала даналағының астарында ғалам мен тіршілікті ән арқылы байланыстырар құдірет жатқан жоқ па? Бала қай тілде жыр тыңдаса сол тілдің жанауы болмасына кім келіп? Өз шаңырағының астында таным-түсінігімізге жат даңғыраған дыбыс пен ессіз әуен тыңдап еті үйренген сәбиіміз, болашақ ұрпағымыз ұлт болмысымен біте қайнасып өседі деп айта алмаймыз. Бұлай жалғаса берсе ешкімге ұқсамайтын өз рухани әлемімізге өгейсі қарап,

ЕРТЕГІ ЕРТЕҢДІ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



«Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде...» – деп басталатын ертегіні бала күнімізде кітаптан жиі оқитынбыз. Қала берді радиодан «Зәмзәгүл әженің ертегілері» айдарымен шығатын аудио ертегіні тыңдап ұйқыға кететінбіз. Ол кез де өзінше қызық екен. Ал қазір ше? Ертегі айтатын әже азайды ма, жоқ әлде балақайлар ертегі тыңдамай ма, беймәлім. Әйтеуір «ертегі айтып берші» деп жүретін баланы, «айтып берейін» дейтін әжені кездестіру қиын. Әрі-беріден соң бүгінгі өскелең ұрпақтың ауыз әдебиетіне деген әуестігі жоқ секілді. Бала қиялы ғаламтормен, қалтафонға байланып қалған.

Рас, бүгінде ұлттық тәрбиенің негізі саналатын ертегі өгейсіп тұр. Шындығында ата-ананың ертегі айтуға уақыты жоқ. Бала өтінішін орындамай тыныш отырса болды деп телефон ұста та қояды. Күн ұзағына күнкеріс қамы деп шаршаған ата-ананы да түсінуге болады, әрине. Дей тұра бала тәрбиесі бәрінен биік тұрады емес пе? Бір мезгіл бала тәрбиесіне көңіл бөліп, уақыт табуға болмаса еді. Тынның да екі жағы болады. Бүгінгі жас ата-аналарды да біржақты қаралай беруге болмас. Заманауи әжелеріміз де жетіп жығылады. Әрине, заманына қарай адамы. Дегенмен ұлттық құндылықты сақтай отыра оны заман ағымымен ұштастыру да керек.

Ертегі тыңдап өскен бала болашақ өміріне бағыт қалыптастыра алады. Кейіпкердің батыр тұлғасына қарап, үлгі алады, бой түзейді. Мамандар баланы ұйықтатар алдында қандай да бір ритуалдың болуын дұрыс деп есептейді. Демек, күнделікті қайталанатын әрекет баланы өзінің үйіне ұйықтатуға дайындайды. Мәселен, ұйықтар алдында беті-қолды жууды әдетке айналдырады емес пе?! Сол секілді жатар алдында баламен сөйлесу, әңгімелесу, жақсы сөз айту тиімді саналады. Сондықтан балаңызға жатар алдында ертегі і болмаса мағыналы әңгіме айтуды әдетке айналдырғаныңыз жөн.

Қазір дамыған заман деп жатамыз. Мәселен, «Инстаграм» әлеуметтік желісінде «Қазақ ертегілері», «Ертегілер елінде» деген бірқырай ертегілер жарияланып тұратын арнайы парақша бар. Кітапты қалтафон алмастырған мына қоғамда электронды оқулық пен әлеуметтік желіні өз пайдаңызға қолдансаңыз жетіп жатыр. Уақытыңызды да үнемдей аласыз. Балаңызға ертегі оқып беріп, оның таным көкжиегінің кеңеюіне де сеп боласыз.

Ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, бала тапқыр болсын деген ниетпен жұмбақ шешімін табуға үйретеді, тілі таза болсын деп жаңылтпаш жаттатады, ойы шындалсын деп өлең оқытады. Иә, «Тәрбие – тал бесіктен» деген қазаққа ұлттық құндылығымыз жоғалмасын десеңіз ертегі оқуға ерінбеңіз!

ТАҚЫРЫПҚА ТҮЗДІК:

Маржан Тебегенқызы, жас ана:

– Түнгі ұйқы алдында балаға ертегі оқып беру өте пайдалы. Бала дүниетанымын қалыптастыруда ертегі маңызды рөл атқарады. Ертегіде халықтың басынан өткен оқиғасының ізі жатыр. Балаға ертегі оқып беру арқылы оны адалдық пен тапқырлыққа тәрбиелейді. Бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы. Сондықтан олардың тағдырына бейжай қарамай, ұлттық құндылықты үйретіп өсіргеніміз абзал.

Сайлаукүл Әліқұлқызы, әже:

– Немереме күнде кешке ертегі айтып беремін. Өйткені, ертегіні тыңдап өскен бала жаман мен жақсыны ажырата біледі. Ертегі айтатын әжелер азайған уақытта балақайларымыз теледидардағы адам түсінбейтін, атыс-шабыс шетелдік мультфильмдерден шеттетіміз керек. Өз қолымызбен-ақ қазақ баласының психологиясын бұзып жатырмыз. Сондықтан біз, әжелер балалардың ертегі тыңдап өсуін қадағалауымыз керек.

Лаура Дарханова, жас ана:

– Балама жатарда ертегі айтып беремін. Кейде ойдан құрастырып та айтамын. Арасында ертегім бітіп қалған кезде қызым өзі жалғастырып өкетеді. Қазіргі баланың ойы ұшқыр емес пе?! Тіпті өзіңнен асып кететін кезі де болады.

Айсұлу Байсарықызы, әже:

– Күнде бір мезгіл немерелеріме кітап оқып беремін, түрлі өлеңдер жаттатқызамын. Ертегі баланы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Оны тыңдау арқылы барлық тіршілік иесі мен табиғатты аялауды түсінеді. Жан-жақты болуға, ойын шыңдауға, өзіндік пікір қалыптастыруға үйретеді.

Б.БАЙЗАК

TÜRTEK

Қазақ – ырым-тыйым сөз арқылы ұрпақ тәрбиелеп, ата салтын жаңғыртып отырған халық. Әрине, бұл халықтың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқаны белгілі. Ырым-тыйым арқылы бала тәрбиелеу, жат әдеттерден тыю, туындауы мүмкін қауіп-қатерді ескерту – ұлтымыздың рухани кеңістігінде өлі күнге дейін сақталып келеді. Белгілі этнограф Досымбек Қатранның айтуынша, тыйым деген – белгілі бір жағдайда ғана жасалуы тиісті әрекет, әдет. Күнделікті тұрмыста, жайшылық кезде атқаруға тыйым салынатын дүние. **«Мәселен, күнделікті өмірде сол қолмен құман ұстауға тыйым салынады. Яғни, кей жағдайда сол қолмен су құюға болады. Мәйіт арулағанда сол қолмен су құяды, жуады. Ал күнделікті тіршілікте оң қолмен ұстау керек»**, – дейді этнограф.

Бүгінгі қоғамда ырым-тыйымға келгенде пікір екіге жарылады. Бірі – мұны ескіліктің қалдығы санайды, ал енді бірі – күнделікті тұрмыста қолданады. Ал енді ырымдарға кеңірек тоқталайықшы. Жүкті анаға ырым-дап, түйенің шұбатын ішкізбей, етін жегізбейді. Себебі жүктілік уақыты ұзарып кетеді деп болжаған. Бұл ырымды түйе ботасын 13-14 ай көтеретінімен байланыстырады. Жүкті әйелдің 9 ай уақыты өтіп, босанбаса **«Түйе етін жеген бе»** деп сұрауы да осыдан қалса керек.

Түйенің үстінен аттату немесе түйе жүнін тұтатып аттату – егер жүкті ананың босанатын мерзімі ұзарып кетсе немесе байқаусызда түйе сүті мен тағамын жеді деп есептелсе түйеден үш рет аттатын немесе түйенің астынан

ЫРЫМДАР ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Бала күннен «нанның күйігін жесең бай боласың» дегенді естіп өстік. Сірә, бұл бізді бала күнімізден ысырапшылдыққа бейім болмауымызға үйретсе керек. Иә, бұл қарапайым ғана бір мысал. Мұндай ырым-тыйым бізде жетерлік. Ырымның жаманы болмайды. Ырымдай алмайтын адам болады. Жақсы ниетпен туған әрбір іс жақсы амалға бастайтыны белгілі.



өткізетін болған. Кейде бураның бас сүйегін төрге іліп те қояды. Ал қазір қалалық жерде түйе болмаған соң оның жүнін тұтатып, содан аттатады немесе суретін сызып, содан аттатады. Бір қандайқолмен қоса 10 адам өлім қызығы, сол ырымды орындаған кезден кейін-ақ толғақ басталады екен. Осыдан кейін ырымға сенбей көріңіз! Құрсақтағы сәбиді ата-бабаымыз

Міне, **«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»** жырының өлі толық айтылмай келе жатқан ақиқаты осы. Қозы – Көрпештің әкесі, ал Баян – анасы. Көрпешті өлтіргенін білген Қодардың өзін-өзі өлтіруі – үлкен трагедияның басы ғана болатын. Ал қазір ше? Сол періште жанды анасының жатырында-ақ гүлдейсолдырып жатқан жоқ па?

Әлем елдерінің ең қызықты ырымы

Германияда кім де кім су толтырылған бокалды денсаулық үшін көтерсе, ол қасындағының барлығына өлім тілейді деген мағына береді. Ал Францияда егер кімде-кім иттің нәжисін сол аяғымен басып кетсе, ырыс-құты артады. Егер оң аяқпен басып кетсе, бұл жамандықтың бастауы деп топшылайды. Испанияда түн ортасы болған кезде, тұптура 12 түйір жүзім жеу керек деген ырым бар. Сонда алдағы он екі ай бойы ырзық-несібеге кенеліп, өмір сүруге болады деген түсінік қалыптасқан. Бұл ерте кездегі он екі түйір жүзім жын-періденқорғайды деген аңыздан туса керек. Түркияда кешкі астан кейін сағыз шайнаған адамды көрсе, әбден жекуі мүмкін. Түріктер түн ішінде сағыз шайнаған адамды өлген адамдардың денесін шайнағанмен бірдей көреді.

Иә, қазақ ырымшыл халық. Оны қазіргі кезде жаңа туған балаға сирек қойылатын мына есімнен де білуге болады. Рымбек, Рымғали, Рымкеш, Рымқұл, Рымшаш секілді есімнің түп төркіні **«Ырым»** сөзінен шығып тұр. **«Жақсы сөз – жарым ырыс»** деген. Жақсылыққа бастайтын ырымға сенгеннен ешкім ұтыла қоймас, сірә.

С.КЕМЕҢГЕР

ЖЫЛ БАСЫНДА ҰЛЫ АСТАН ДӘМ ТАТЫҢЫЗ



сусын, етін – азық, терісін – киім еткен. Ет – қазақтың төл асы. Қазан толсын, асар мол болсын деген мақсатта соғымнан қалған, арнайы бірнеше ай сақтаған сүрі етті тұтастай Наурыз көжеге салып қайнатады. Сүрленген етті бұрқырата қайнатқан суға дөмі кіргенше киелі ас – тұзды демі кіргенше киелі ас – тұзды салған. Сөзінің дәмділігімен ұрпағының жүрегінде қалған Алаш арыстарының ұрпағы мәйекті сөйлеуге тиіс. «Тұз – астың дәмін келтірер, ал мақал – сөздің мәнін келтірер» деген тәмсіл бекер емес. Таңдай қақтырған тағамға тағы – бидай, арпа, жүгері қосады. Бұлар - дәрілік ем. Сонау ашаршалық жылдарында қазақ баласы бір уыс бидайдың арқасында аман қалған. Адамзаттың амандығына септік болған асты киелі демеу мүмкін бе? Ішкі құрылысты тазалап, денсаулыққа зор пайдасын тигізетін күріш те айтулы астың ішінен табылады. Дәнді-дақылдары пісіп, көріктене түскен көжеге қамыр да қосылады. Дайын асқа қатық немесе айран қосамыз. Айрандай ұйып отырайық, ақ мол болса денсаулыққа да кепіл деген сөз. «Ағы бардың – бағы бар» деп түсінетін қазақ халқы сүт тағамын бақыт несібесі деп білген. Қалай десек те қатып қалған қағида жоқ. Әркім мерекелік асты өзгеше, түрлі дәмдермен даярлайды. Аудан тұрғындары арасында да шағын

сауалнама жүргізіп көрген едік. -5-10 литрлік қазанға екі жілік сүрленген ет және қазы саламыз. Біз үшін жылқы еті болуы маңызды. Қазы болуы да міндетті. Бір қайнатып, көбігін алып, тұз салып, 2 сағаттай бәсең отта ұстаймыз. Одан кейін бір кесе бидай салып ұзақ пісіреміз. Пісуге жақындағы дегенде тары, күріш саламыз. Етті баппен пісірген соң, сүзіп аламыз. Ендігі кезек, нан илеп, жайма салу. Бөлек сорпаға жайманы пісіріп алып, бешбармақты ортаға қойып, бетіне тұздық құямыз. Оның бетіне піскен етті тұраймыз. Ал дақылдары пісіп тұрған көжеге қамырдан жасалған кеспені салып 5 минут қайнатқан соң, қатық қосып қонақтарға ұсынамыз, -дейді аудан тұрғыны Бейбігүл Сапарғали.

– Наурыз көжені жыл сайын пісіру ол отбасылық дәстүр. Мейлі – қонақ келсін, мейлі – келмесін. Жыл басын берекелі дастарханмен, Наурыз көжемен қарсы алсақ молшылық болады деген ырмыға толықтай сенеміз. Мен наурыз көже пісіру үшін соғымнан қалған сүрленген ет асамын. Ет болса болды, жылқы, сиыр, қой деп бөлмеймін. Бармен базар. Етімізді бүлкілдетіп, әбден піскеннен кейін сорпасынан етті сүзіп аламын. Сорпаға алдын ала суға пісірілген бидай, арпа, күріш, қатық қосамыз. Осы 7

ингредиенттен өте дәмді наурыз көже шығады. Қайта тізбектел өтер болсақ, су, ет, тұз, бидай, арпа, күріш, қатық, - дейді аудан тұрғыны Ләззат Жаршанова.

Өз-Наурыз мерекесінде қазақ жұрты бекер көрісіп, төс қағыстырады дейсіз бе? Қазаққа қыс мезгілі қашанда ауыр болған, тіпті ертеде түпелге жуық Сырдың бойынан бастап Жиделі Байсыңға дейінгі аймақта қыстап отырғандар да қиналса керек. Себебі қыс қытымыр болып жатса мал ашығады, кейде көктемге қарай жаңбыр ерте жауып, не қар еріп барып қайта қатып жұт басталып кетеді. Көтерім мал қырыла бастайды. Мал ашуы – жан ашуы. Осындай қиындықтардан шыққаннан кейін Наурызды қазақ қуанып қарсы алмағанда, кім қарсы алады? Наурызға қазақ қуанбағанда кім қуанады? Қыс бойы бір-бірінің өлі тірісін біле алмай сағынған елдің жасайтын жоралғысы. Бір-бірін құшақтап, кейде өлгендерін жоқтап, кейде тірі қалғанына шүкірлік айтып көрісетін. Бүгінгі қазақ басқа десек те тарихтың алар орны ерек. Кеше де, бүгін де дәл осы мерекеді жағдайы келсін-келмесін әр қазақ қазан көтереді. Көрші-қоланды шақырады, жолаушы жүрген халыққа таратады. Себебі Наурыз сыйлық таратып жарысатын думан емес, әр шаңырақтың тоқтық мерекесі.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

ОҢ ӨЗГЕРІС - УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Партия күні қарсаңында партия төрағасы Қ.Тоқаяев «Nur Otan» партиясының жаңа бағыт-бағдарын айқындады.

Еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі осыдан 23 жыл бұрын қаланған. Партия Төрағасы партияның кезектен тыс XXII съезінде атап өткендей, қазір бүкіл әлемдегі ахуал өзгеріп жатыр. Осындай уақытта еліміз дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Бұл – асқан жауапкершілікті талап ететін маңызды міндет. Бүгінгі таңда партия барлық реформаға ұйытқы болуы тиіс деген сөздерін алдыға тарта өзгерісті алдымен өзімізден бастауымыз керек екенін айтты. Сондықтан партияның кезектен тыс XXII съезінің күн тәртібіндегі негізгі мәселе партияны жаңғырту болды. Осыған орай саяси ұйымның атауы «AMANAT» деп өзгерді. Бұл – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады.

Жайық ТАЗАБЕКҰЛЫ, «AMANAT» партиясы Ескелді аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

АУДАННЫҢ АТБЕГІЛЕРІ ЖАРАДЫ

Қазақ халқы ықылым заманнан ат құлағында ойнаған. Ұлан-байтақ даламызда ешқашан тұлпарлардың дүбірі тоқтамаған. Ерлеріміз атын ерттеп, қамшысын қолға алса дұшпан тұрмақ, дос та тіксінетін. Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан ел жасағын ертіп, шашақты найзасын қолына ұстап, тыныш күнде түрен салмаған. Тұлпарды ерттеп мініп, асауды дегеніне көндірген кешегі бабаларымыздың ізі, асылдардың сынығы жойылмақ емес.



Салт-дәстүрді тәжіндей көріп, қара сөзден қаймақ ішкізген шайырларымыздың бірі: «Ұл өспейді құр мақтап ерсің десе, ұлт өспейді дәстүрін менсінбесе, нағыз қазақ өкем деп айтпа, жігіт, тақымыңа тұлпардан тер сіңбесе», – деп жырлаған еді. Жүрегі ұлтым деп соққан әр намысты ердің делебесін қоздырған бұл өлең тіркестері, сәйгүлікті ерттеуге сеп болар. Ел мерейін асқақтатып, ердің күшіне күмән келтіруден аулақ болатын көкпар додасы жыл сайын дамып келеді. Шабандоздарымыз да шашасына шаң жұқтырмауға ұмтылады. Өңгімеге арқау болған, ұлы даланы дүбірлі додаға бөлеген - көкпар ойыны, яғни Алматы облысының 90-жылдығына орай 14 команданың қатысуымен өткен облыстық чемпионат. Тартысты дода жуырда ғана Талғар ауданындағы «Байсерке-Агро» иппадромында өткен болатын.

Көкпар қазақтың қанына сіңген өнер. Бұл тек қана ойын емес. Бозбаланы сонау қаршадайынан тәзімділікке, ептілікке, батылдыққа, батырлыққа баулитын спорт түрі. Кешегі батырлары жауға тұлпардан тер сіңбесе», – деп жырлаған еді. Жүрегі ұлтым деп соққан әр намысты ердің делебесін қоздырған бұл өлең тіркестері, сәйгүлікті ерттеуге сеп болар. Ел мерейін асқақтатып, ердің күшіне күмән келтіруден аулақ болатын көкпар додасы жыл сайын дамып келеді. Шабандоздарымыз да шашасына шаң жұқтырмауға ұмтылады. Өңгімеге арқау болған, ұлы даланы дүбірлі додаға бөлеген - көкпар ойыны, яғни Алматы облысының 90-жылдығына орай 14 команданың қатысуымен өткен облыстық чемпионат. Тартысты дода жуырда ғана Талғар ауданындағы «Байсерке-Агро» иппадромында өткен болатын.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

◆ YQYLAS
Айналаға жарық пен жылу сыйлап, жалпы тіршілік иелерінің қарапайым күнін әсемдеткен көктем мезгілінің айтулы мерекесі – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілткен, шаруаның бір малы екеу болып, қабат-қабат тонды тастап, аққа аузы тиіп шуақты күндерден үміттендірген өз-Наурыз мерекесі. Қыс бойы тұрмыс тауқыметін көрген, қысылып шыққан жан-жануар, айнала табиғат наурыз айының келуімен түрленіп, күн көзімен бойлары жылып, қайтадан тіршіліктерін жалғайды. Сондықтан да, халқымыз Наурызды «жер бетіне жақсылық ұялаған күн», «ұлыстың ұлы күні – ұлыс күн», «ұзақ ұшып келген күн», «жыл басы» дегендей бейнелі сөздермен ардақтап, жылдың басына теңеген. Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл жарылқасын деп азаматтарымыз төс қағыстырып жатады. Наурыз мейрамын ерекшелендіретін дүниенің бірі – наурыз көже. Бүгінгі өңгімеміз де осы жайлы болмақ.

Ықылым заманнан бері Наурыз көжені тойып ішу тоқшылық пен молшылықтың көпілі деген сенім бар. Сол себептен де көктемнің алғашқы күнінен бастап жұрт ерек көжені жарыса дайындайды. Киелі астың құрамы да киелі. Наурыз көже жеті түрлі дәмнен жасалады. Ал жеті саны қазақ халқы үшін киелі сан. Қазақ о бастан киелілікке аса мән берген. Иттің өзін киелі жануарлардың қатарына соққаны хит жеті қазының бірі» деген мақалдан көрініп-ақ тұр. Киелі астың қоспасына оқталсақ, көжеге ең алдымен су қосқан. Нәсібі судай тасып жатсын деген ниетте. Қазақты етсіз қазақ ретінде елестету мүмкін емес. Наурыз көжеге де қосылатын ең негізгі және алғашқы астың бірі – ет. Себебі қазақтың табиғаты малмен біте қайнасақ, сол малдың сүтін –

◆ AI-QAP
«Наурыз айы туғанда...»
Иә, әдетте мұсылман қауымға ортақ – Ұлыстың ұлы күнінде ұлттық киім іздейтініміз ембеге аян. Тәуелсіздік алғалы да отыз жылға жуықтап қалды. Бірақ біз өлі шырт ұйқыдамыз. Азатпыз деп шарқ ұрамыз. Алайда сол тәуелсіздіктің атрибуты – ұлттық киім барлығының төрінде ілініп тұрма? Жоқ. Сонда ұлттық киім ұлық мерекеге ғана тән бе?

Осы сауалға жауап іздемекке әлеуметтік желіде сауалнама жүргіздік. Сұрақ ауыр емес. «Егер ұлттық киімімізді ұлықтайтын сәнді, оюлы қазіргі модадағы киімдерді кию туралы заң қабылданса қалай қарайсыз?» деп сұрақты төтесінен қойдық. Қаралымы төрт мыңнан асса, пікір саны екі мыңнан асып жығылды. Пікір білдірушінің 80 процетін қолдайтынын, соны армандайтынын жеткізді. Ал кейбірі бұлай жүруге ұялатынын жасырмады. Жұрт «мынау не киіп алған» деп қарайды деп үрейін жеткізді. Сонда өзіміздің ұлттық құндылығымыздан жерігеніміз бе? Әлеуметтік желі демекші Инстаграмнан қазақы сәнді көйлектердің парақшасын іздедік. Іздеу батырмасының алғашқы сабында Жанат Бақыт есімді тележүргізуші топ жарып тұр. Ол

ҰЛТТЫҚ КИІМДІ ҚАЛАЙ ҰЛЫҚТАП ЖҮРМІЗ?

қазақ оюымен безендірілген түрлі көйлек, белдемше, жеңсіз секілді сәнді киімдер тігеді. Қолжетімді бағада тұтынушыға ұсынады. Жанатқа киімге тапсырыс берушілер қатары күн санап артып келеді екен. Әрине бұл қуантарлық жайт. Десе де қызықты адамдар тізімінен желіде танымал болғандары жылт етіп шыға келді. Басына тек сәукеле киген бойжеткен жалаңаш денесімен бейнебаян түсіріпті. Ол ол ма жап жас жігіт те бұдан қалыспапты. Шапанды жартылай киіп, жартылай жалаңаштанып әлеуметтік желіге таратыпты. Енді қарныңыз ашпай көрсін. Ұлттық киімімізді хайп үшін қорғу қылып жатса, өзгелер бізге не істемек? Өзгелер демекші бірде базарға кілем алуға бардым. Көнігі қазақ оюы түскен өдемі кілемдер. Алыстан-ақ мәнмұдалап тұр. Сөйтсем бірі – түрік, бір – Біріккен Араб әмірлігінде тігілген екен. Бағасы да шарықтап тұр. Сатушы қазақ жігіті бұл «түреқкий» деп мақтап-мақтап қояды. Көңілім құлазыды. Сонда басқасы қазақ оюын емін-еркін пайдаланып жүргенде біз ай қарап отырамыз ба? Күнделікті

арналардан көрсетіліп жүрген үнді телехикаяларын жарыса көретініміз қаншама?! Осы арқылы олар ұлттық киімімен қоса салт-дәстүрін өзге елге дәріптеп отыр. Оны көріп мәзбіз, салтын жаттап та алдық. Бұл – трагедия ғой. Жақын күндері қазақтың Жаңа жылы болады. Осы сәтте сандығының түбінде жатқан жеңсіз-көйлегін жұрт шығара бастайды. Тек бір күнге ғана киіп көрсетіп, шаң басқан жерге қайта салады. Осыдан-ақ ұлттық киімді Ұлық мерекеді ғана іздейтініміз білінеді. Рас қой? Бірде Абылай ханға алтын жіппен тігілген, қатпарлы ою көмкерілген шапан сыйға келеді. Мұны хан қабылдамастан-ақ келген жеріне қайтарып жібереді. Аң-таң болған қолбасшылары себебін сұрағанда біраз ойланып қалады. Шапандағы ою ханға өлім тілесе керек. Көрдіңіз бе, тіпті әр оюдың да өзіндік мәні барын. Осыдан-ақ атадан аманатқа қалған ұлттық құндылығымызды қалайша ұмыт қалдырамыз?!... Ал сіз ұлттық киімді ұлықтап жүрсіз бе?

А.АЛИ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открылось наследственное дело на имя Разбекова Князбека, ум. 14.09.2021 года. Наследников просим обратиться к нотариусу с.Карабулак. Р.т.: 3-00-99

Открылось наследственное дело на имя Тампышева Сакена Мырзагуловича, ум. 29.09.2021 года. Наследников просим обратиться к нотариусу с.Карабулак. Р.т.: 3-00-99

ЕЛ МЕРЕЙІН ЕСКЕЛДІЛІК АРУЛАР АСҚАҚТАТТЫ



Иорданияның Амман қаласында бокстан жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігі өтіп жатыр. Жартылай финал жекпе-жектерінің қорытындысы бойынша бес қазақстандық боксшы қыз ақтық сынға жолдама алған еді. 46 келідегі Диана Елеусіз өзбекстандық Жасми Тохировадан, 48 келідегі Гаухар Зарден үндістандық қарсыласынан жеңілді. 52 келідегі Шахназ Тайыржанова, 54 келідегі Айша Сариевалар да үнді спортшыларына есе жіберді. 57 келідегі Анар Сәлімбай иорданиялық Ая Сувиндехтке 2:3 есебімен жол берді. Ауыр салмақтағы Аружан Зейноллаева өзбек аруы Собирахан Шахобидиновадан жеңілген. 50 келідегі Карина Тоқыбай, 60 келідегі Ұлдана Тубай, 63 келідегі Нұрсұлу Сүйенәлі, 66 келідегі Аружан Жанғабаявалар жартылай финал кездесулерінде жеңіске жетті. Киелі Ескелді жерінен ат терлепті барған спортшы, 80 келідегі Құралай Егінбайқызы өзбекстандық Рушюн Парлиеваны 5:0 есебімен ұтып, финалдық жекпе-жекке жолдама алды. Күні кеше ғана Иорданияның Амман қаласында бокстан жасөспірімдер арасындағы Азия біріншілігінің финалдық кездесуінде жерлесіміз Құралай Егінбайқызы Үндістандық қарсыласын жеңіп, оқ бойы оза шықты.

А.БЕКЗАДА

АЗАН ШАҚЫРЫП АТ ҚОЙЫП ЖҮРСІЗ БЕ?

ПАЙЫМ

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ



Бала тоғыз ай, тоғыз күннен кейін шыр етіп дүниеге келгенде оған ат қою ең басты міндет. Ал есім беру рәсіміне келсек, оның да өзіндік дәстүрі мен салт-жоралғысы бар. «Кемеңге қалай ат қойсаң, ол солай жүзеді», – деген. Бұл сөз тегін айтылмаса керек. Көп адам баланың есімі оның тағдырына ықпал етеді деп сенеді. Жалпы балаға есім берудің бірнеше түрі бар. Біріншісі – азан шақырып ат қою, екіншісі – үлкен кісіге қойғызу, яғни жасы үлкен абыройлы атасына жол беру. Үшіншісі – ырымдап есімін сайлау. Соның ішінде мұсылмандыққа жол бастап, иманды тәрбие беретін дәстүр – балаға азан шақырып ат қою.

мешіт имамының немесе молданың азан шақыруы шарт емес. Егер де жас кезінде балаға қандай бір жағдайлармен азан шақырылмаса, есейген кезінде шақыруға рұқсат етілген. Ал енді азан шақырып ат қоюдың тәртібіне келер болсақ, мұсылман адамы құбылаға жүзін қаратып сәбидің оң құлағына азан шақырып, үш рет атын айтады. Кейін екінші сол құлағына қамат түсіріп, тағы да есімін үш мәрте қайталайды. Бұл сәбиге жасалған алғашқы иман қадамы. Мұнымен қоса азан сөздерін құлағына естірту арқылы дүние есігін жаңа ашқан сәбиге: «Жаратқанның құлы, Мұхаммедтің үмбетісің. Әлмисақтан мұсылман болғандықтан өскенде Құдайға құлдық ұрып, намаз оқы. Мұсылман екеніңді ұмытпа» деп тұрғандай.

Кейінгі уақытта елімізде ат қою әдебінде ерсілік байқалып жүргенін естіп те көріп жүрміз. Расымен шетелге еліптедік пе? Бүгінде ата-бабамыздың салып кеткен дәстүрінде біршама алыс қалғандаймыз. Ойымызға не келсе соны балаға есім етіп беруді сәнге айналдырдық. Ал оның болашағына аландап жатқан ата-ана жоқ. Бір жылдары елімізде өткен үлкен шараларды арқау етіп, Азияда мен Самитбекті көбейттік. Тіпті мағынасына да қарағанымыз жоқ. Ертең о дүниеде осы есімдердің сұрауы бар екенін бір сәт ойладық па?

Пайғамбарымыз кей есімдердің шариғат тұрғысынан да, тілдік тұрғыдан да Құдайға қарсы келетін жағын айтып, оны қоюдан тыйым салған. Өйткені қара құш пен дінсіз көптің есімдерімен мағыналас болып кететінін жеткізген. Ендеше балаға ат қоярда шариғат жағын ескеріп, мұсылманша азан шақырғаныңыз абзал.

Е.СӘДУ

ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

Ескелді ауданының «Ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің көрсететін мемлекеттік қызмет түрлері:

1. «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»;
2. «Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру»;
3. «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту»;
4. «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру»;
5. «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»;
6. «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түбкілік шешім беру»;
7. «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»;
8. «Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау»;
9. «Жер учаскесін жеке меншікке сату-сатып алу келісім шарт жасасу»;
10. «Жалға алу келісім шарт жасасу»;
11. «Жер учаскесін жалға алу құқығын сату-сатып алу шартын жасасу»;
12. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл

шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру;

11. Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру;
12. Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу;
13. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу.

А.ИСАБЕКОВ,
ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы

◆ ЖОБА

Ескелді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 25-165 «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жеке меншік санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ескелді аудандық мәслихатының «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жеке меншік санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30-қаңтардағы № 25-165 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4529 тіркелген) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:
Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жеке меншік санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:
7-тармақ 1-тармақшасы келесі абзацпен толықтырылсын:
Табиғи зілзалаң немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімі – үш ай.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

TÖTENŞELIKTER HAVARLAIDY

УЛЫ ГАЗДАН САҚТАНЫҒЫЗ

Көмірқышқыл газы отынның, сондай-ақ кез келген басқа да органикалық заттардың толық жанбауы кезінде бөлінеді.

Бұл газ оттегі жетіспеушілігі жағдайында жану нәтижесінде пайда болады. Ашық ауада көмірқышқыл газы тез таралады, ал жабық жерлерде оттегі жетіспеушілігі көп мөлшерде жиналуы мүмкін. Көмірқышқыл газының түсі мен иісі жоқ. Өдетте оны байқау мүмкін емес. Улы газ өкпе арқылы қанға енеді де гемоглобинмен тығыз байланысады. Нәтижесінде оттегінің гемоглобинмен байланысуына жол бермейді. Бұл тіңдер мен мүшелердің оттегі ашығуына әкеледі. Гемоглобинмен мықтап байланысқан көміртегі тотығы ми жасушаларының гипоксиясын тудырады. Соның салдарынан бас ауруы, жүрек айнуы, құсу қосылатын летаргия, ұйқышылдық дамиды. Көмірқышқыл газын ұзақ уақыт жұту кейбір жағдайларда жүрек жеткіліксіздігіне, миокард инфарктісіне, инсультқа, ал ауыр улану кезінде - құрысуларға, комаға және өлімге әкелуі мүмкін. Егер сіз әлсіздік, бас ауруы немесе жүрек айнуы сезсеңіз, көміртегі тотығымен улануға шамалы күдік болса, мүмкіндігінше тез таза ауаны қамтамасыз етіңіз.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
аудандық ТЖБ инженері

ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ НА ТРАНСПОРТЕ

Возгорание на любом виде транспорта может возникнуть неожиданно и привести к печальным последствиям. Что становится частыми причинами пожара?

В процессе обязательного технического осмотра транспортного средства контролируется состояние автомобиля, но не осуществляется проверка электрооборудования и топливной системы. Тем не менее, основными причинами пожара на автотранспорте являются: короткое замыкание электропроводки/электроагрегатов двигателя, неосторожное обращение с огнем (подогрев двигателя паяльной лампой, курение, утепление двигательной отсека кошмой), обрыв или неисправность топливпровода. Чаще всего это происходит от несоблюдения основных требований пожарной безопасности при эксплуатации автотранспорта.

Если ваш автомобиль загорелся во время движения остановите автомобиль и выключите двигатель. Освободите замок капота, но не открывайте капот. Выведите всех пассажиров. Позвоните в противопожарную службу по номеру телефона «101» или в службу спасения «112». Если не опасно, попытайтесь воспользоваться имеющимся в машине огнетушителем. Не применяйте воду при тушении пожара в моторном отсеке, так как это может вызвать короткое замыкание электропроводки или распространения горящего бензина и увеличение площади горения.

А.НАЙЗАБЕКОВ,
начальник ОЧС Ескельдинского района

БЕРЕГИТЕ ЖИЗНЬ ДЕТЕЙ!

Много пожаров происходит из-за шалости с огнем, об этом в первую очередь следует помнить родителям. Своим примером они должны учить детей строгому выполнению противопожарных требований, так как пример старших является лучшим методом воспитания.

Однако родители, забывая о том, что дети проявляют большой интерес к огню, превратив спичку в игрушку. Чтобы успокоить ребенка, дают ему не погремушку, а коробок спичек с этикеткой «Прячьте спички от детей». Лучшее преодоление дурных привычек у детей трудовое воспитание. Но надо помнить, что нельзя давать детям слишком большое для их возраста поручение: топить, разжигать керогаз, включать в сеть электроприборы. Выполняя эти поручения, дети невольно становятся невольниками пожара. Прежде чем оставить ребенка дома одного, нужно проверить, спрятаны ли спички, выключены ли из электросети электроприборы, погас ли огонь в печке. С огнем любят играть не только маленькие дети, но и ребята до старшего школьного возраста. Некоторые курят тайком от родителей, разжигают костры, стреляют из самодельных пугачей, используя порох или головки спичек. Нередко родители в коем случае нельзя. В случае пожара, дети не могут выйти из горящего помещения, оказать помощь им трудно, а порой невозможно. Граждане района, берегите жизнь детей!

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Инженер ОЧС Ескельдинского района

ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ АЛДЫН АЛЫҒЫЗ

Өрттің қайғылы жағдайларға әкеп соғатынын әрбір азамат білуі керек. Ол үшін өрт болған жағдайда бірінші кезекте 101 телефоны арқылы өрт сөндіру бөліміне хабарлау керек. Өрттің қай жерде жанып жатқанын, мекенжайын толық хабарлау тиіс. Мұнан кейінгі маңызды жұмыс адамдарды құтқарып, от ошағын өшіру маңызды. Қолда бар құралдарды өрт сөндіруге жұмылдырған абзал. Егер өрт қорада орын алса, төрт түлікті тысқа шығаруға әрекет еткен жөн. Бірақ, өмір қауіпсіздігін ескеру маңызды.

Өдетте азаматтар өрт сөндіру бөліміне кеш хабар береді. Кейде апат туралы хабарлаған кезде мекенжайын толық айтпайды. Бұл өрт сөндіру бөлімінің жұмыстарын күрделендіріп түседі. Егер хабар дер кезінде түспесе өрттің арты үлкен апатқа, адам шығынына әкеп соғады. Өртті болдырмаудың басты себебі әрбір азаматтың өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң есте ұстауы болып отыр.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
аудандық ТЖБ инженері

ОСТОРОЖНА С ЭЛЕКТРИЧЕСТВОМ!

Электрическая сеть должна иметь защиту от токов короткого замыкания и других отклонений от нормативных режимов, могущих привести к пожарам и загораниям. Плавкие вставки предохранителей должны быть калиброванными. Вводы в здания должны выполняться через стены в изоляционных трубах таким образом, чтобы вода не могла попасть внутрь.

Вводы допускаются выполняться через крыши в стальных трубах. Наружная электропроводка по крышам жилых зданий не допускается. Расстояние от установленных на стене изоляторов ввода до поверхности земли должны быть не менее 2,75м. Расстояние между проводами ввода, а также от них до выступающих частей здания должно быть не менее 20 см, а до водосточного желоба 50 см. Расстояние от проводов, пересекающих пожарные проезды и пути для перевозки грузов, до поверхности земли в проезжей части должны быть не менее 6 м, в не проезжей части не менее 3,5 м. Соединение и ответвление проводов должно выполняться в соединительных и ответвительных коробках. Соединения, оконцевания и ответвления жил, проводов во избежание опасных в пожарном отношении переходных сопротивлений, должны выполняться при помощи прессовки, сварки, пайки и специальных зажимов. Открытую прокладку плоским проводом внутри сухих помещений необходимо проводить по несгораемым стенам, перегородкам, потолкам.

А.ДУБЕКОВ,
главный специалист ОЧС Ескельдинского района,

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Тұрмыстық үйлер мен саяжай учаскелерінде пеш жағу кезеңі басталған кезеңде өрттер мен адамдардың қаза болу себептері арта түседі. Қайғылы оқиға себептерінің көбі отты абайсыз пайдалану салдарынан орын алады. Мәселен, мас күйінде шылым шеуе, пеш жағу, өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу, газ құралдарын пайдаланудың өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу, электр желісі мен электр құралдарының газ құралдарын пайдалану және орнату ережелерін бұзу, пеш пен мұржалардың ақаулығы.

Өрт туындау қауіпі аз болуы үшін төмендегілерді орындау қажет: электр тұрмыстық, газ құралдарын пешті жөндеулі күйде ұстау және пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау;

электр желісінде қосылған құралдарды, жанып тұрған газ плиталарын пештерді қараусыз қалдыруға және кішкентай балалардың қарауында қалдыруға болмайды;

балалардың отпен ойнауына тыйым салу қажет; тұрғын үй және саяжай ауласын таза ұстау, контейнермен құраған шөптерді, құрылыс қалдықтарын қоқыстарды, жанғыш материалдарды жинап, шығару; тұрғын құрылыстардың маңында су толтырылған сыйымдылық орнату, өрт сөндіру құралдарын ұдайы дайындықта ұстау.

А.НАЙЗАБЕКОВ,
аудандық ТЖБ бастығы



Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Ахмет Байтұрсынұлы:

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ



ды, енді өлмесе болмас», - деп.

Абай 1845-ші жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бузып, Абай деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атапа бастаған. Зеректілігімен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің білігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдердің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мысалдар сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел білігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», - деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан. Сөйтп, партия анысына кіріп кеткен, өнер, білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп, желіп келе жатып шоқтып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректен кеткен

Абайға түсіндірген. Ғылымды өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы, тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кететінін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен.

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға өлеңдер жазған, есейген соң арпанып, тастаған Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге кемілер еді?! Абай сөздері-қазаққа зор бақ. Белтін түзеп, жөндегісі келген кісілерге де, сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғып болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, әр орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін - өлең бұнақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп, желіп келе жатып шоқтып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректен кеткен

сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш бұынды бұнақтары мен төрт бұынды бұнақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сызықпен байқауға болады:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қынынан қыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Тел-тегіс, жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол - ақынның білімсіз бишарасы.
Айтуды мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.
Әуелі аят, хадис - сөздің басы,
Қосарлы бейітсімал келді арасы.
Қысынымен қызықтай болмаса сөз,
Неее айтсын Пайғамбар мен оны Алласы.
Мешіттің құпта оқыған ғұламасы,
Мінәжат ұялпердің зарналасы.
Бір сөзін бір сөзіне қыстырар,
Өрбірі келгенінше өз шамасы.
Өлеңге өркімнен-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?
Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қылты жоқтан қармап,
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айттыпы әркімге арнап.
Өр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Келтірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап, Құдай қарғап,
Қайда бай, мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болматпы қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.
Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ағынша мал үшін тұрман зарлап.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!
Сендерге де келетін енді аяңдап.
Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам
қызырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.
Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалпы өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің ішінде Абайдың өр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақылдардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубәкірдің «шайды, кебіс өркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, өр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпаса еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанда, көз алдында сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні, жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Лувис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда.

Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдыңдағы келер заман,
Үмітті сөупе етіп көз көп қалдаған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.
Ол күндер өткен күнмен бәрібір бос,
Келер, келер, артына із қалдырмас.
Соның бірі - арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.
Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы - екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған беки!
Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тон құмарын іздейсің күнде-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен -
Үй жолдасың қабірден әрі өлкенде.
Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тон қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?
Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдалы көпке тисің.
Көптің қамын әуелден
Тенірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.
Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек:
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғадалет пен мархамат - көп азығы,
Қайда көрсен, болып бақ соған көмек.
Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Егіле алмайды пысығын, зерезін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы тереңінде.

1897-ші жыл.

Абайдың осы ауының дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Ішінде дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909-шы жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмолада, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уаляттардағы кітап сатушылардың бәрін де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетіме басып, көпке көрсетпекшіміз.

«Қазақ» газеті 1913 жыл.

Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойлап дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсесі жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазды. Оның сырын, қасиетін біріп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынаиды. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екенін сөйлеген соң, өзін де қандай екенін айтып, түсіндіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атамыз Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры, ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркі ханнан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға еніпті деп, қоныс өткен екен. Кіші атасы Өскенбай би ел арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыс елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің жұртына келіп бітеседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузында қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты билер билем, сұлтандардан төрелерден қойылып тұрған заман, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бейбіше Қарқаралы уезіндегі Өбдірей, Тыржық деген жердегі Қаракесектің Бошан руынан, Бертис тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, әзілге Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен киіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам екен.

Ауырғанда өзгелерден гөрі қожа, молдалар жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жолы келіп, ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанында айтқан: «Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят бол-

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жаһанхмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050
Тиражы 3050
Тапсырыс 193
Көлемі 2
баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.
Компьютерная верстка Е. ТАКАЧЕНКО.